

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 208 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі N 234 Кодексімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 05.07.2014 № 234-V Кодексімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 177-баптан қараңыз).

МАЗМҰНЫ

Ескерту. ҚР 1997.12.13 N 209 Занының 4-7-баптарын қараңыз.
Ескерту. Мәтінде "бөлім" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), бұкіл мәтін бойынша "еңбек зандарында", "Қазақстан Республикасының еңбек туралы зандарымен", "Қазақстан Республикасының еңбек туралы зандарына", "Қазақстан Республикасының еңбек туралы зандарында", "еңбек туралы зандарға", "еңбек туралы занда" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының еңбек заннамасында", "Қазақстан Республикасының еңбек заннамасымен", "Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына" деген сөздермен ауыстырылды - 2007.05.15 N 253, бұкіл мәтін бойынша әскери комиссариатка" деген сөздер "жергілікті әскери басқару органына" деген сөздермен ауыстырылды - 2007.05.22 N 255 Зандарымен.

Ж А Л П Ы

БӨЛІМ

1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАНДАРЫ 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару зандары

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару зандары осы Кодекстен және Қазақстан Республикасының өзге де зандарынан, сондай-ақ жазаны және сottalғандарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқару мен өтеудің тәртібін және жағдайларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару зандарының мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару зандарының мақсаттары әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сottalғандарды түзеу, сottalғандардың да, өзге адамдардың да жана қылмыстар жасаудың алдын алу болып табылады.

2. Аталған мақсаттарға сәйкес қылмыстық-атқару зандарының міндеті жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сottalғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен занды мүдделерін корғау, оларға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету деп саналады.

3-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару зандарының сottalған әскери қызметшілерге қатысты қолданылуы

1. Сottalған әскери қызметшілерді жазалау осы Кодекске, өзге де зандар мен нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бекіткен сottalған әскери қызметшілердің қылмыстық жазаларды өтеу ережелеріне сәйкес атқарылады.

2. Сottalған әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жазасын өтейді және әскери қызметтен өтеді. Оларға осы баптың 1-тармағында аталған нормативтік құқықтық актілерде көзделген шектеулер қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару зандарының кеңістік пен уақыт түргышында қолданылуы

1. Казақстан Республикасының аумағында жазасын өтеуші сottalғандарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдары қолданылады.

2. Сottalғандардың қылмыстық жазаларды атқаруы, сондай-ақ оларға түзеу амалдарын қолдану мен босатылатындарға көмек көрсету жазаның осы түрін атқару кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап. Жазаны атқару негіздемесі

Соттың заңды құшіне енген үкімі немесе қауулысы, сондай-ақ рақымшылық немесе кешірім жасау актісі жазаны атқару негіздемесі болып табылады.

6-бап. Қылмыстық-атқару заңдарының принциптері

Қылмыстық-атқару заңдары заңдылық, баршаның заң алдындағы тендігі, гуманизм, демократизм және жариялыштық, жазаларды атқарудың сарапануы мен жеке-даралығын, жазаны түзеу ықпалымен біріктіруді қамтамасыз ететін принциптерге негізделеді.

7-бап. Сottalғандарды түзеудің негізгі қуралдары

1. Сottalғанды түзеу - оның бойында құқық ұстануышылық мінез-құлқыты, жеке адамға, қоғамға, еңбекке, адамзат қоғамының нормаларына, ережелері мен дәстүрлеріне оң қозқарастарды қалыптастыру.
2. Сottalғандарды түзеудің негізгі қуралдары мыналар: жазаны атқару мен өтеудің белгіленген тәртібі (режимі), тәрбие жұмысы, қоғамдық-пайдалы енбек, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алу, кәсіптік да ярлық пен қоғамдық ықпал ету.

3. Түзеу қуралдары жазаның түрін, жасалған қылмыстық сипатын, қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінө нысаны мен себептерін, сottalушының жеке басы мен мінез-құлқын ескере отырып қолданылады.

Ескеरту. 7-бапка өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарынзы) Заңымен.

7-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация – сынақ мерзімі мен пробация бақылауында болған кезеңде әрбір шартты түрде сottalған адамның жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатымен, олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оларға қатысты жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені. **Ескерту. Кодекс 7-1-баппен толықтырылды - КР 2012.02.15 N 556-IV (алғашкы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

2-тарау. СOTTALҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

8-бап. Сottalғандардың құқықтық жағдайының негіздері

1. Казақстан Республикасы сottalғандардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, олардың түзелуіне қажетті жағдайларды, әлеуметтік әділеттілік кепілдігін, олардың жазаларды атқару кезінде жеке басының әлеуметтік, құқықтық және өзге де қорғалуын қамтамасыз етеді.
2. Сottalғандар жазаның нақты түрін атқарудың тәртібі мен жағдайларын негізге ала отырып, Республика Конституациясында, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару кодекстерінде және өзге де заңдарында белгіленген шектеулермен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары болады және солардың міндеттерін атқарады.
3. Сottalған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жазаның нақты түрін атқарудың тәртібі мен жағдайларын негізге ала отырып, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жағдайы туралы Конституцияға, халықаралық шарттарға, заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Конституациясында қылмыстық, қылмыстық-атқару кодекстерінде және өзге де заңдарында көзделген шектеулері бар құқықтары болады және олар сондай міндеттер атқарады.

9-бап. Сottalғандардың негізгі міндеттері

1. Сottalғандар осы Кодекспен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен және үкіммен белгіленген құқықтық шектеулерден туындаитын талаптарды сақтауға міндетті.
2. Сottalғандар жазаларды атқаруши мекемелер мен органдар әкімшіліктерінің өздерінің мінез-кулқына арналап белгілеген заңды талаптарын орындауға міндетті.
3. Сottalғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді, сондай-ақ жазаларды атқаруши мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңды талаптарын орындауда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта әкеп соғады.

10-бап. Сottalғандардың негізгі құқықтары

1. Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ақпаратты жазаны атқаруши мекеме немесе орган б е р е д і .
2. Сотталғандар жазаны атқаруши мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқаруши мекемелер мен органдардан жоғары тұрган басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік әкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құбылы.
3. Сотталғандар түсініктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында аталғанындей ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталғандарға жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе рееси қолданылатын орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілге аударуды жазаны атқаруши мекеме немесе орган қамтамасыз етеді.
4. Сотталғандар адвокаттардың, сондай-ақ осындай көмек беруге үәкілдепті басқа адамдардың заң көмегін п а и д а л а н у ғ а қ ұ қ ы լ ы .
5. Сотталғандардың әлеуметтік қамтамасыз етілуғе, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетакы алуға құқығы бар.
6. Гауптвахтада ұстауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің деңсаулығын сактау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қамсыздандырылу құқығын п а и д а л а н а д ы .
7. Соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарды қоспағанда, сотталғандардың мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.
8. Жазасын өтеген және сотталуына байланысты атқарып жүрген қызметінен босатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуға, әлеуметтік көмектің басқа тұрлерін алуға құқығы бар.
9. Жазасын өтеп жүрген адамдардың қызметкерлер тарапынан сыпайылық көру құқығы бар. Олар қатаң немесе адамшылық қасиетін қорлайтында қарауға ұшыратылмауға тиіс. Сотталғандарға мәжбүрлеу шараларын заң негізінен өзгеше қолдануға болмайды.
10. Бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының - олардың мүдделерін қоргауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қоргаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.
11. Сотталғандардың құқықтарын іске асыру тәртібі осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, Қазақстан Республикасы бекіткен мемлекетаралық шарттармен белгіленеді.
- Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңдарымен.**
- 11-бап. Сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігіне құқығы**
1. Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына карсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол абақтыда ұстау, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқаруши мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде дереу ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а м і н д е т т і .
2. Мекеменің бастығы сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешім, сотталушының жеке басына карсы қылмыстың жасалу мүмкіндігін болғызбайтын өзге де шаралар қолданады, оның жазасын одан әрі өтеу орны туралы мәселені шешеді.
- Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңдарымен.**

12-бап. Сотталғандардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету

1. Сотталғандарға ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі.
2. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарға салт жораларының қажеттілігі болған жағдайда олардың немесе олардың туысқандарының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Мекеме әкімшілігі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы үекілдегі орган айқындайтын тәртіппен діни салт жораларды орындау үшін жағдайлар жасайды.
3. Ерекше режимдегі колониялардың карцерлерінде, жалғыз адамдық камераларында, айыптық және тәртіптік оқшаулау орындарында, сондай-ақ камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сотталғандарға діни қызметшілер өздерінің жеке басының қауіпсіздігі қамтамасыз етілу шартымен жіберіледі.
4. Ауыр науқасты сотталғандарға, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарға үкімді орындау алдында олардың өтініші бойынша діни қызметшілер шақырыла отырып, осы жағдайда қажетті барлық діни жораларды жасау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.
5. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады. Ол ішкі тәртіпте бұзбауга, сондай-ақ жазасын өтеп жүрген басқа адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс.
Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - КР 2013.01.08 N 63-V (алғашқы реңми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Сотталғандардың өтініштерін қарau тәртібі

1. Сотталғандардың ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың әкімшілігі қаралады.
2. Гауптвахтада ұстауға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың осы Кодекстің 10-бабының 2-тармағында аталған органдарға жолданған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі. Жазаның өзге түрлеріне сотталғандар ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын өздері жібереді.
3. Гауптвахтада ұстауға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметтің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруши органдарға жолданған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары цензураға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) тиісті жеріне жіберіледі.
4. Сотталғандардың жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің шешімдері мен іс-әрекеттері жөніндегі ұсыныстары, арыздары мен шағымдары бұл шешімдер мен іс-әрекеттердің атқарылуын тоқтатады.
5. Органдар мен лауазымды адамдар өздеріне сотталғандар жолдаған ұсыныстарын, арыздары мен шағымдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде қарап, қабылданған шешімдерді сотталғандардың назарына жеткізуге тиіс.
Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

3-тарау. ЖАЗАНЫ АТҚАРУШЫ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТИНЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

14-бап. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар

1. Айыппұл салу немесе мұлікті тәркілеу түріндегі жазаны үкім шығарған сот, сондай-ақ мұліктің орналасқан жері бойынша және сотталушының жұмыс орны бойынша сот атқарады.
2. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды сотталушының тұргылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы, түзеу мекемесі жүзеге асырады. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын сотталушының жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі, сондай-ақ лицензиатты жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына берілген лицензиясынан айыруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықты органдар атқарады.
3. Құрметті, әскери, арнайы немесе өзге де атақтардан, сыйыптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден және біліктілік сыйыбынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын атакты, сыйыптық шенди, дипломатиялық дәрежені және біліктілік сыйыбын берген лауазымды тұлға атқарады.
4. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды сотталған адамның тұргылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциялары атқарады.
5. Өлім жазасы түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері орындаиды.
- 5-1. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері, сондай-ақ

шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе этаппен жөнелтілген сottalғандарға қатысты тергеу изоляторлары орындаиды.

6 . а л ы п т а с т а л д ы

7. Эскери қызметшілерге жазаларды: гауптвахтада ұстауды - сottalған эскери қызметшілерге арналған гауптвахталарда гарнizonдардың командованиесі немесе гарнizon гауптвахталарының тиісті бөлімшелері; эскери қызмет бойынша шектеуді - аталған эскери қызметшілер қызметтен өтіп жүрген эскери бөлімдердің, мекемелердің, органдар мен эскери құрамалардың командованиесі (бұдан ері - эскери бөлімдердің командаeиесі) атқарады.

8 . а л ы п т а с т а л д ы

9. Шартты түрде сottalған адамдар, олардың жүріс-тұрысын одан ері түзету және олардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатымен әлеуметтік-құқықтық көмек көрсететін қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады. Шартты түрде сottalған эскери қызметшілерге бақылауды эскери бөлімдердің командаeиесі жүзеге асырады. Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2002.12.21 N 363, 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданыска енгізіледі), 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

15-бап. Жазаны өтеу орны туралы хабарлау

Сотталушының жазасын өтеу орнына келгені туралы жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталушының қалауы бойынша жақын туыстарының не занды өкілдерінің біріне 10 тәулік ішінде хабарлауға міндетті.

16-бап. Сottalғандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану

1. Бас бостандығынан айыруға сottalған, алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын, сондай-ақ есінің кемістігі болуы мүмкін, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға атқарушы мекемелер соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданады.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған жазаларды өтеу кезінде сотталушының алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратыны анықталса, жазалардың аталған түрлерін атқарушы мекеменің әкімшілігі сотқа мұндай сотталушыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы ү с и н ы с ж і б е р е д і .

3. Бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сottalған және осы баптың 1-тармағында аталған сыркаттармен ауыратын адамдарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 88-95-баптарына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

4. Бас бостандығынан айыруға сottalған адамдарға және туберкулезден ауыратын немесе соз ауруынан емделудің толық курсынан өтпеген, сондай-ақ ЖҚТБ-мен ауыратын сотталғандарға жазалардың аталған түрлерін атқарушы мекеме медициналық комиссияның шешімі бойынша міндетті емдеу қолданады. Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

17-бап. Жергілікті атқарушы органдардың бақылауы

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары өздерінің аумағында орналасқан түзеу мекемелерінің қызметіне бақылау жасауды осы Кодекске сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өздерінің аумағында орналасқан қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - КР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыска енгізіледі), 2009.12.10 N 228-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Зандарымен.

18-бап. Сот бақылауы

1. Жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның негұрлым жұмсақ түріне ауыстыру туралы, сотталушының ауыруына байланысты жазадан босату туралы, адамның жеке басына қарсы жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін бес жылдан артық мерзімге

бас бостандығынан айыруға сотталғандарды коспағанда, жүкті әйелдердің және он төрт жасқа дейін балалары бар әйелдердің және балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазаларын өтеуін кейінгে қалдыру туралы, сондай-ақ түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы мәселелерді шешу кезінде жазалардың атқарылудын

с о т

б а қ ы л а й д ы .

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сотталғандар мен өзге де адамдардың жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың іс-әрекетіне жасаған шағымдарын сот қарайды.

3. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар үкім шығарған сотқа сопталғандардың қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, гауптвахтада ұстауды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және оның орны, айыппұл салу, белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арналы, әскери немесе құрметті атақтан, сыйнаптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыйныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, әскери қызмет бойынша шектеу, мұлқін тәркілеу, өлім жазасы түріндегі жазалардың атқарылуы туралы хабарлайды. Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Ведомстволық бақылау

Жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметіне жоғары тұрған басқару органдары мен лауазымды адамдардың тараپынан ведомстволық бақылау жүзеге асырылады. Ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

19-1-бап. Қоғамдық бақылау

1. Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұстау жағдайлары, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, енбегін, бос уақытын және оларды оқытуды ұйымдастыру белгіліндегі құқықтары мен заңды мұдделерін жүзеге асыруна жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырады.

2. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) қоғамдық байқау комиссиялары құрылады.

3. Қоғамдық байқау комиссиялары түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының әкімшіліктеріне түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз ету үшін жәрдемдесуге құқылы.

4. Түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары әкімшіліктерінің қызметін қоғамдық бақылау және қоғамдық байқау комиссияларының оларға жәрдемдесуі еріктілік, тең құқықтық, өзін-өзі басқару және заңдылық принциптері негізінде жүзеге асырылады.

5. Қоғамдық бақылауды жүзеге асырган кезде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының қызметіне, сондай-ақ жедел-іздестіру, қылмыстық іс жүргізу қызметі мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі қызметіне араласуға жол берілмейді.

Ескерту. 19-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.29. N 25 Заңымен.

19-2-бап. Қоғамдық байқау комиссиясының өкілеттігі

1. Қоғамдық байқау комиссиясы, сондай-ақ қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері:
 - 1) түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында қоғамдық байқау комиссиясының кемінде екі мүшесі құрамында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган) белгілеген тәртіппен кедергісіз болуға;
 - 2) сопталғандармен олардың келісімі болған кезде әнгімелесуге, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылу мәселелері жөніндегі өтініштері мен шағымдарын қабылдауга;
 - 3) түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларындағы адамдардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер жөніндегі түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының әкімшілігіне және (немесе) прокуратура органдарына өтініш жасауға құқылы.
2. Түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ерекше режим енгізілген кезенде қоғамдық байқау комиссиясының аталған мекемелерге бару жөніндегі өкілеттігі тоқтатыла тұрады.
3. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері өз өкілеттіктерін орындау кезінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін сақтауға, сондай-ақ аталған мекемелер әкімшілігінің заңды талаптарына бағынуға міндетті. Қоғамдық бақылау іс-шараларын өткізу іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге тиіс.

Ескерту. 19-2-баппен толықтырылды - КР 2004.12.29 N 25 Заңымен, өзгеріс енгізілді - КР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Қылмыстық-атқару ісін жүргізуден қадағалау

Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңдарды сактауды қадағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады.

21-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде болу

1. Жазаларды атқарушы мекемелерде, тергеу изоляторларында арнаулы рұқсатсыз болуга мыналардың күкірткыштары бар:
 - 1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ тиісті аумактардың шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының әкімдері;
 - 2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар;
 - 3) Қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының қызметкерлері;
 - 4) Адам күкірткыштары жөніндегі уәкіл.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен өзге де адамдардың жазаны атқарушы мекемелерде, тергеу изоляторларында сол мекемелер әкімшілігінің немесе қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының арнаулы рұқсаты бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен болуга күкірткыштары бар.
3. Сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігі мен олардың күзетін қамтамасыз етуші объектілерді кино, фото және бейнекөрініске түсіру түзеу мекемесі, тергеу изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.
4. Сотталғандарды кино, фото және бейнекөрініске түсіру, олармен сұхбат жүргізу, соның ішінде аудиобейнетехника құралдарын пайдаланып жүргізу сотталғандардың өз келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2004.12.29 N 25, 2009.12.10 N 228-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

3-1-тaraу. Ұлттық алдын алу тетігі

Ескерту. Кодекс 3-1-тараумен толықтырылды - КР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі).

21-1-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалару тұрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.
2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары өз қызметі шенберінде жазаларды орындағыттын мекемелерде (түзеу мекемелерінде, тергеу изоляторларында, гарнizonдардың гауптвахталарында, гарнizonдың гауптвахталардың бөлімшелерінде) және осы қатысуышылардың болуы (бұдан әрі – алдын ала болу) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын өзге де ұйымдарда болады.
3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, заңды мұдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқауышы комиссиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, зангерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары болып табылады.
4. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.
5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындағытын тәртіппен бюджет қаржатынан жүзеге асырылады.

21-2-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан сайлайды.
2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені; Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларын іріктеу тәртібін; алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларынан топтар құру тәртібін; алдын ала болу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің Азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-кимыл жасайды.

21-3-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларына қойылатын талаптар

- 1 .
1) занда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;
2) қылмыс жасады деп күдік келтірілген немесе айыпталған;
3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызыметшілер және әскери қызыметшілер, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызыметкерлері;
5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұратын адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушилары бола алмайды .

2. Қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызыметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызыметпен айналысуга арналған лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары бола алмайды.

21-4-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышы:
1) алдын ала болуға жататын мекемелерде ұсталатын адамдардың саны, осындай мекемелердің саны және олардың орналаскан жері туралы ақпарат алуға;
2) алдын ала болуға жататын мекемелерде ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстау жағдайларына қатысты ақпаратқа кол жеткізе алуға;
3) алдын ала болуды құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;
4) алдын ала болуға жататын мекемелерде ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың занды екілдерімен куәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесулер еткізуғе ;
5) алдын ала болуға жататын мекемелерді кедергісіз таңдауға және оларда болуға;
6) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарламалар мен шағымдарды қабылдауға құбылды .
2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышы занды қызыметін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болып табылады.

21-5-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары өз өкілдіктерін аткару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті .
2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болуға жататын мекемелердің қызыметіне араласуына жол берілмейді .
3. Алдын ала болу жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының турашылдығына құмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала болуға қатысадан бас тартуға міндетті .
4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарламалар мен шағымдарды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындастырын тәртіппен тіркеуге міндетті .

Қабылданған хабарламалар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарастыруна беріледі. Қабылданған және берілген хабарламалар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала болу нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі .

5. Осы Кодекстің ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

21-6-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктерін тоқтату

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктері:

1) осы Кодекстің ережелерін бұзылған;
2) өз өкілеттіктерін дөғару туралы жазбаша өтініш берілген;
3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
6) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

21-7-бап. Алдын ала болудың түрлері мен кезеңділігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болуы мыналарға бөлінеді:
1) төрт жылда бір рет, ұдайы негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала болу;
2) алдыңғы кезеңдік алдын ала болу нәтижелері бойынша ұсынымдарды іске асыру мониторингі, сондай-ак ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесулер өткізген адамдарды алдын ала болуға жататын мекемелердің әкімшіліктері тарапынан қудалаудың алдын алу мақсатында кезеңдік алдын ала болулар аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала болу;
3) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарламалардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала болу.
2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет каражаты шегінде алдын ала болу мерзімдерін және алдын ала болуға жататын мекемелердің тізбесін айқындайды.

21-8-бап. Алдын ала болу тәртібі

1. Алдын ала болуды Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құратын топтараЯ жүргіздеді.
2. Алдын ала болу үшін топтар құры кезінде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұргылықты жеріне қатысты себептер бойынша немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.
3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала болуға жататын мекемелердің әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала болуға жататын мекемелер әкімшілігінің басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді жазбаша хабардар етеді.
4. Әрбір алдын ала болудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысанда жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала болуды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері кол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

21-9-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала болу нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындаиды.
2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына: уәкілдеп мемлекеттік органдарға алдын ала болуға жататын мекемелерде ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жағдайларын жақсарту және азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұсынымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар да енгізіледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала болу жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілдеп мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

21-10-бап. Құпиялышық

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуге құқылы емес.
2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

21-11-бап. Үәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларымен өзара іс-кимесі

1. Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына заңды қызметін жүзеге асыруна жәрдем көрсетеді. Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін қолдану фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге құқылы емес.
2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.
3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу нәтижелері бойынша есептері негізінде Адам құқықтары жөніндегі үәкілдің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуі не қылмыстық істі қозғау туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

БӨЛІМ

**2-БӨЛІМ. СОТТАЛУШЫНЫ ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУФА БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС
ЖАЗАЛАРДЫ АТКАРУ**

4-тaraу. Айыппұл түріндегі жазаны атқару

22-бап. Айыппұл түріндегі жазаны атқару тәртібі

1. Сотталуши үкім заңды күшіне енген соң бір айдан кешіктірмей айыппұл төлеуге міндettі.
2. Сотталушиның айыппұлды бір жолғы төлеуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, сотталушиның өтініші бойынша төлемнің мерзімін ұзартуға немесе алты айға дейін бөліп-бөліп төлетуге жол беріледі.
3. Сотталуши айыппұлды ерікті түрде төлемеген кезде жазаны атқару сот берген атқару парагының негізінде мәжбүрлеп жүргізіледі. Айыппұл сотталушиның мүлкінен, соның ішінде оның сотта айқындалған ортақ меншік құқықтарындағы мүліктегі үлесінен өндіріп алынуы мүмкін.
4. Айыппұлды өндіріп алу кезінде осы Кодекске косымшамен белгіленген тізбеке сәйкес тәркілеуге жатпайтын мүлікті алып қоюға болмайды.

23-бап. Айыппұл төлеуден жалтару

Ескерту. 23-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - КР 15.01.2014 № 164-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Айыппұлды осы Кодекстің 22-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде төлемеген және өзінің кірістері мен мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасыруышы сотталуши айыппұл төлеуден жалтарушы деп таңылады.

2. Айыппұл төлеуден жалтарушы сотталғандар жөнінде сот орындаушысы сотқа айыппұлды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабының төртінші бөлігіне сәйкес жазаның басқа түрімен аудастыру туралы ұсыныс жібереді.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңдарымен.

5-тaraу. БЕЛГІЛІ БІР ЛАУАЗЫМДА БОЛУ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

24-бап. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысуз құқығынан айыру түрінде жазаның атқарылуын үйімдастыру

- Негізгі жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сондай-ақ шартты соттау кезіндегі жазаның атқарылуын үйімдастыруды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілдегі орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.
- Бас бостандығынан айыру түріндегі негізгі жазаға қосымша ретінде тағайындалған бұл жазаның атқарылуын үйімдастыруды негізгі жазаны атқарушы орган, ал негізгі жазаны өтеген соң - сотталушының тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы жүзеге асырады.

3. **Қылмыстық-атқару инспекциясы:**
сотталғандардың есебін жүргізеді;
сотталғандардың сот үкімінде көзделген белгілі бір лауазымда болуна немесе белгілі бір қызметпен айналысуна тыйым салудың сақталуын бақылайды;
сотталушының жұмыс орны бойынша үйім әкімшілігінің, сондай-ақ сотталушыға тыйым салынған қызметтің тиісті түрлерімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға құқығы бар органдардың үкімді орындаудын тескерееді;
жазаны өтеуден жалтарған сотталған адамдарға қатысты бастанқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді.

3-1. Тұратын жері үш күннен астам уақыт ішінде анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жалтарған дәп танылады.

4. Өзінде жазаның негізгі түрін өтеп жүрген, сондай-ақ белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаға сотталған адамды мекеменің (ұйымның) әкімшілігі сотталушының орындауына тыйым салынған жұмыстарға тарта алмайды.
5. Сотталғандар әскери қызметке шақырылған немесе олар баламалы арнайы мемлекеттік қызметке кірген жағдайларда қылмыстық-атқару инспекциялары жергілікті әскери басқару органдына немесе сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша қызмет өткеру кезінде сол жазаны атқаруға арналған сот үкімінің көшірмесін жібереді.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

25-бап. Ұйымдар әкімшіліктерінің сот үкімін атқару жөніндегі міндеттері

1. Белгілі бір лауазымдарда болу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптары мемлекеттік мекемелер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әкімшіліктері үшін міндетті. Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптары сотталған адамның жұмыс орнындағы ұйымның әкімшілігі үшін міндетті.

2. Сотталушының жұмыс орны бойынша үйімның әкімшілігі: сот үкімінің көшірмесін не қылмыстық-атқару инспекциясының хабарламасын алған соң үш күннен кешіктірмей сотталушыны лауазымынан немесе ол айналысу құқығынан айырылған қызмет түрінен босатуға; қылмыстық-атқару инспекциясына сот үкімінің талаптарын орындау туралы хабарлауға; қылмыстық-атқару инспекциясының талап етуі бойынша жазаны атқаруға байланысты құжаттарды табыс етүгеге;

сотталушымен еңбек шарты өзгерген немесе тоқтатылған жағдайда бұл туралы қылмыстық-атқару инспекциясына үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндетті.
Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Занымен.

26-бап. Белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға құқықты органдардың міндеттері

1. Сотталғандарды белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптары қызметтің тиісті түрімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға құқықты органдар үшін міндетті.
2. Атапған органдар сот үкімінің көшірмесін немесе қылмыстық-атқару инспекциясының хабарламасын алған соң үш күннен кешіктірмей сотталушыға тыйым салынған қызмет түрімен айналысуға берілген рұқсатты қайтып алуға, осы адамға қызметтің көрсетілген түрімен айналысуға құқық беретін тиісті

күжатты кайтарып алуга және бұл туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлама жіберуге міндетті

27-бап. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жағаның атқару мерзімдерінің есептелеуді.

1. Негізгі жаза ретінде немесе айыппұлға, бас бостандығын шектеуге, қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту, сондай-ақ шартты соттау кезінде қосымша жаза түрі ретінде тағайындалған белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мерзімі, егер бұл жағдайда қосымша жағаның атқарылуы кейінге қалдырылмаса, сот үкімі заңды күшіне енген кезден бастап есептелеуді.

2. Бас бостандығынан айыруға қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза қолдану кезінде ол жағаның аталған негізгі түрлерін өтеудің бүкіл уақытына қолданылады, бірақ бұл орайда оның мерзімі оларды өтеу кезінен бастап есептелеуді.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10. N 177-IV, 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

28-бап. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталушының міндеттері

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталғандар сот үкімінің талаптарын орындауга, қылмыстық-атқару инспекциясының талап етуі бойынша аталған жағаны атқаруға байланысты құжаттарды беруге, жұмыс орны және тұрғылықты жері мен олардың өзгергені және одан босағаны туралы инспекцияға хабарлауға, сондай-ақ шақыру бойынша инспекцияға келуге міндетті. Сотталушы келмей қалған жағдайда оған еріксіз келтіру қолданылуы мүмкін

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

29-бап. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімін орындаудың салдары

Соттың белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы үкімінің орындалмауына кінәлі өкімет өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметшілері, мемлекеттік мекемелердің, коммерциялық немесе өзге де ұйымдардың заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

6-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ТАРТУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

30-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жағаны атқару тәртібі

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жағаны тізімдерін қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқару органдары, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы ауданының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері тоқсан сайын сотқа ұсынатын объектілерде сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілдегі орган айқындаған тәртіппен атқарады.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза жөніндегі сот үкімі соттың тиісті өкімі үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесімен қоса қылмыстық-атқару инспекциясына келіп түскен күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірілмей атқарылады.

3. Қылмыстық-атқару инспекциясы:
сотталғандардың есебін жүргізеді;
оларға жағаны өтеудің тәртібі мен ережелерін түсіндіреді;
аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарында қоғамдық жұмыстардың объектілерін сұрапты алады;

сотталғандардың мінез-құлқын бақылайды;
жағаны өтеуден жалтарған сотталған адамдарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді;
олардың атқарған уақытының жиынтық есебін жүргізеді және сотталғандардың орындаған жұмыстары үшін қаржы қаражатының тиісті бюджеттерге уақытылы түсүін бақылайды.

Ескерту. 30-бапка өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап колданыска енгізіледі), 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Конституциялық заңымен.

31-бап. Қоғамдық жұмыстарга тарту түріндегі жазаны атқару ережелері

1 .

С о т т а л ғ а н д а р :

жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін сақтауға, еңбекке адаптация; өздеріне белгіленген объектілерде жұмыс істеуге және сот белгілеген қоғамдық жұмыстардың мерзімін атқаруға;

тұрғылықты жерінің өзгергені туралы қылмыстық-атқару инспекциясына хабарлап отыруға міндетті.

2. Сотталушыға негізгі жұмыс орны бойынша кезекті демалыстың берілуі қоғамдық жұмыстар орындауды тоқтатпайды.

3. Сотталушы бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы, ал сотталған әйел жүкті болған жағдайда - оның жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыныс жасайды.

32-бап. Қоғамдық жұмыстарга тарту түріндегі жаза мерзімінің есептелуі

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаның мерзімі сотталушы қоғамдық жұмыстарды орындаған сағаттармен есептеледі.

2. Қоғамдық жұмыстар уақыты демалыс күндері мен сотталушы негізгі жұмыспен немесе оқумен айналыспаған күндері - төрт сағаттан; жұмыс күндері - жұмыс немесе оку аяқталған соң екі сағаттан, ал сотталушының келісімімен - төрт сағаттан аспауы керек. Егер сотталған адамның тұрақты жұмыс орны болмаса немесе ол оқумен айналыспаса, қоғамдық жұмыстардың уақыты күніне сегіз сағаттан аспайды. Қоғамдық жұмыстар уақыты апта ішінде, әдетте, он екі сағаттан кем болмауы керек. Дәлелді себептері болған кезде қылмыстық-атқару инспекциясы сотталушыға апта ішінде саны аз сағат жұмыс істеуге рұқсат береді.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізу тәртібін 2-б. қараңыз)
Занымен.

33-бап. Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу орны бойынша ұйымдар екімшілігінің міндеттері

1. Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу орны бойынша ұйымдардың екімшілігіне сотталғандардың өздеріне белгіленген жұмыстарды орындауына бақылау жасау, қылмыстық-атқару инспекциясына жұмыс істелген сағаттар саны туралы немесе сотталғандардың жазаны өтеуден жалтару турали хабарлау жүктеледі.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың енбегін ұйымның пайдалануы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Сотталған адамдар орындаған жұмыстың көлемі мен құны ұйымда қолданылып жүрген бағалау бойынша бөлек есептеледі және есептелген ақшалай қаражат тиісті бюджетке аударылады.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363 Занымен.

34-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару

С о т т а л у ш ы :

коғамдық жұмыстарға дәлелді себептеріз бір айдың ішінде екі реттен астам шықпаса; еңбек тәртібін бір айдың ішінде екі реттен артық бұзса; жазаны өтеуден жалтару мақсатымен жасырынса, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарған деп танылады.

35-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуші адамдардың жауаптылығы

1. Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық-атқару инспекциясы оған Қазақстан Республикасының қылмыстық Зандарына сәйкес жауапты болатын ескертеді.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарушы сотталғандар жөнінде қылмыстық-атқару инспекциясы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабының екінші бөлігіне сәйкес сотқа қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрлерімен ауыстыру туралы ұсыныс

ж а с а й д ы .

7-тарау. ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

36-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқару тәртібі

1. Түзеу жұмыстары сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша етеледі. Түзеу жұмыстарын орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекциясының қызметін ұйымдастыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілдепті орган айқынайды.
2. Түзеу жұмыстарына сотталғандар жазаны өтеуге қылмыстық-атқару инспекциясына үкімнің (ұйғарымның, қаулының) көшірмесі мен соттың тиісті өкімі келіп түскен күннен бастап он бес күн мерзімнен кешіктірілмей тартылады.

3. Қылмыстық-атқару инспекциялары: сотталғандардың есебін жүргізеді; жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін түсіндіреді; сотталғандардың жазаны өтеу ережелерін сактауын және сотталғандардың жұмыс орны бойынша ұйымдар әкімшілігінің үкім талаптарын атқаруын бақылайды; сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізеді; сотталғандардың мінез-құлқын бақылайды, қажет болған жағдайда оларды еңбекке орналастыру үшін жұмыспен қамту орталықтарына жібереді; шақыру бойынша немесе тіркелуге дәлелді себептерсіз келмеген сотталғандарды еріксіз келтіру туралы шешім қабылдауды;

жазаны өтеуден жалтарған сотталған адамдарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сotқa іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді;

жазаны өтеу кезеңінде өз қалауы бойынша жұмыстан босауға рұқсат береді.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашкы реcми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізілді) Зандарымен.

37-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу ережелері

1. Түзеу жұмыстарына сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен ережелерін сактауға, еңбекке адал қарауға, өздеріне қылмыстық-атқару инспекциясы жүктеген міндеттерді орындауға және оның шақыруы бойынша тіркелу үшін айына еki рет келуге міндетті.
2. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың табысынан сот үкімімен белгіленген мөлшерде акы ұсталып қалауды.
3. Жазаны өтеу мерзімі ішінде сотталғандарға қылмыстық атқару инспекциясының жазбаша рұқсатының өз қалауы бойынша жұмыстан босауына тыйым салынады. Рұқсат жұмыстан босау себептерінің негізділігін тексерген соң берілуі мүмкін. Жұмыстан босауға рұқсат беруден бас тарту дәлелденуге тиіс. Бас тарту туралы шешімге зандада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.
4. Сотталушы қылмыстық-атқару инспекциясына жұмыс орны мен тұратын жерінің өзгергені туралы он күн мерзімде хабарлауға міндетті.

5. Сотталушы жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі жазаны өтеу уақытында қылмыстық-атқаруышы инспекцияның келісімі бойынша кезекті демалыс, сондай-ақ он күнге және одан да көп күнге қосымша демалыс береді. Сотталғандарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген демалыстың өзге түрлері жалпы негіздерде беріледі.

38-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жаза мерзімінің есептелуі

1. Түзеу жұмыстарының мерзімі сotталушы жұмыс істеген және оның табысынан акы ұсталып қалған жылдармен және айлармен есептеледі. Сотталушының жұмыс істеген күндерінің саны сotтың жаза мерзімін белгілеген әрбір айындағы жұмыс күндерінің санынан кем болмауга тиіс. Егер сotталушы көрсетілген күндер санында жұмыс істемесе және жұмыс істелмеген күндерді жаза мерзіміне есептеу үшін осы Кодексте белгіленген негіздеме болмаса, түзеу жұмыстарын өтеу сotталушының тиісті жұмыс күндерінің санында толық жұмыс істегенге дейін жалғастырылады.
2. Ұйым әкімшілігінің сот үкімінің (қаулысының) көшірмесін алған күні жазаны өтеу мерзімінің басталуы болып табылады.
3. Сотталушының дәлелді себептермен жұмыс істемеген уақыты жазаны өтеу мерзіміне есептеледі. Бұл мерзімге сotталушы реcми түрде жұмыссыз деп танылған уақыт та есептеледі.
4. Сотталушы қатарынан төrt айдан астам ұзақ ауырған кезде қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа оны жазасын өтеуден босату туралы ұсыныс жасайды.

5. Жазаны өтеу кезінде сottалушы эйел жүкті болған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа жүктілігі бойынша демалыс берілген кезден бастап оның жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыныс жасайды.

6. Жұмыс уақытының жиынтық есебі қолданылатын үйымдарда жұмыс істейін сottалғандардың жазасын өтеу мерзімі есепті кезең үшін белгіленген жұмыс сафатының санынан аспайтын жұмыс уақытының ұзақтығы негізге ала отырып есептеледі.

7. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сottалушының жұмыс істемеген уақыты; алкогольдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масанданудан болған немесе соларға байланысты іс-әрекеттерден болған ауыру уақыты; камау түріндегі әкімшілік жазаны өтеу, сондай-ақ жазаны өтеу кезеңінде басқа іс бойынша тыйым салу шарасы тәртібінде қамау уақыты жазаны өтеу мерзіміне есептелмейді.

39-бап. Сottалғандардың түзеу жұмыстарын өтеу орны бойынша үйымдар әкімшілігінің міндеттері
Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен. Түзеу жұмыстарына сottалғандардың оны өтеу орны бойынша үйымдар әкімшілігіне: сottалушының табысынан ұсталып қалатын ақыны дұрыс және уақтылы жүргізу мен ұсталған сомаларды белгіленген тәртіппен аударып отыру; сottалғандардың өндірістегі мінез-құлқына бақылау жасау және сottалғандармен тәрбие жұмысын жүргізу де инспекцияға жәрдемдесу; осы Кодексте көзделген жазаны өтеудің ережелерін сактау; қылмыстық-атқару инспекциясына сottалушыға қолданылған көтермелей және жазалау шаралары туралы, оның жазаны өтеуден жалтару туралы, ұсталған соманың мөлшері және оны аудару мерзімдері туралы хабарлап отыру, сондай-ақ басқа қызметке ауыстырылуы мен босатылуы туралы алдын ала хабарлау жүктеледі.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңдарымен.

40-бап. Түзеу жұмыстарына сottалғандардың жалақысынан ұстап қалуды жүргізу тәртібі

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы, сottалушының өзі немесе ол жұмыс істейтін үйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарлаған ретте жалақысынан ұстап қалу мөлшерін кеміту туралы сотқа етініш жасауға құқылы. Ұстап қалу мөлшерін кеміту туралы шешім сottалушының барлық табыстары ескеріле отырып шығарылады.

2. Ұстап қалу жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыс істелген ай үшін атқару құжаттары бойынша, сottалушыға талаптардың болуына карамастан, негізгі жұмыс орны бойынша жалақының барлық түрінен жүргізіледі.

3. Сottалғандардың жалақысынан ұстап қалуды жүргізу кезінде оның ақшалай және заттай болігі ескеріледі. Ұсталған ақша сомалары ай сайын мемлекет кірісіне аударылып отырады.

4. Ұстап қалу әлеуметтік сактандыру және әлеуметтік камсыздандыру тәртібімен алатын жәрдемақылардан, бір жолғы сипаттағы төлемдерден жүргізілмейді.

5. Түзеу жұмыстарына сottалғандарға енбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемакы сот үкімімен тағайындалған ұстап қалу шегеріліп тасталғандағы жалақысынан есептеледі.

6. Истің қыскартылуымен сот үкімінің күші жойылған немесе ол өзгертилген жағдайда сottалушының жалақысынан артық ұсталған сомалар оған толық қайтарылады.

7. Қылмыстық-атқару инспекциясы сottалғандардың жалақысынан дұрыс және мерзімінде ұстап қалуға және ұсталып қалған соманың мемлекет кірісіне аударылуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

41-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің адамдарға қолданылатын көтермелей шаралары

Тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысатын және жәбірленушінің денсаулығына және мүлкіне келтірғен залалды, мемлекетке келтірғен материалдық залалды өтеу жөнінде шаралар қолданатын және сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін сottалған адамдарды сот осы Кодексте көзделген тәртіппен шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Ескерту. 41-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен.

42-бап. Енбекпен түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін және жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны үшін жауаптылық

1. Түзөу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзу мыналар болып табылады: жазбаша ескертуден кейін дәлелді себептерсіз қылмыстық-атқару инспекциясына келмеу; жазбаша ескертуден кейін осы Кодексте белгіленген міндеттерді бұзу; жұмысқа келмеуі немесе мас күйінде немесе нашақорлық не уытқұмарлық масаң күйде келу.

2. Түзөу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін бұзғаны үшін сottалушыларға түзөу жұмыстарын жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы жазбаша ескерту түріндегі жаза қолданылуы

М У М К И Н .

3. Осы баптың 1-тармағында аталғандардың кез келгенін бұзғаны үшін жазбаша ескерту хабарланған соң түзөу жұмыстары түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерін қайталаپ бұзуға жол берген, сондай-ақ тұратын жерінен жасырынған, жүрген жері белгісіз адам түзөу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден

қасақана жалтарушы деп таңылады.

4. Түзөу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарушы сottалғандар жөнінде қылмыстық-атқару инспекциясы сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабының төртінші бөлігіне сәйкес түзөу жұмыстарын жазаның басқа түрлерімен ауыстыру туралы ұсыныс жасайды. Ескерту. 42-бапка өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз)

ЗАҢЫМЕН.

8-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Ескерту. 8-тарау жана редакцияда - ҚР 2002.12.21 N 363 Заңымен.

43-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу орны

1. Бас бостандығын шектеуге сottалған адамдар жазаны оларға қадағалауды қылмыстық-атқару инспекцияларының жүзеге асыруы жағдайында тұратын жері бойынша өтейді.

2. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қылмыстық-атқару инспекцияларына бас бостандығын шектеуге сottалған адамдардың енбекке орналастырылып, тұрмыстық жайластырылуына жәрдемдесу ге міндетті.

Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданыска енгізіледі) Заңымен.

44-бап. Бас бостандығын шектеуге сottалған адамдарды жазасын өтеу орнына жіберу

1. Бас бостандығынан айырудың өтлемеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сottалған адамдар құзетте ұстаудан босатылады және жазасын өтеу орнына мемлекет есебінен өздері барады. Түзөу мекемесінің әкімшілігі сottалған адамға оны есепке қою үшін қылмыстық-атқару инспекциясына бару бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұскама береаді.

2. Сottалған адам жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармаған кезде қылмыстық-атқару инспекциясы бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сottалған адамның орналасқан жері анықталмаса, сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізеді.

3. Алынып тасталды - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен. Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Заңымен.

45-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімін есептөу

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның мерзімі қылмыстық-атқару инспекциясының үкімді орындауға қабылдаған кезінен бастап есептеледі.

2. Сottалған адамның жұмыста немесе тұрғылықты жерінде бір тәуліктен артық өз бетімен болмаган уақыты жаза мерзіміне есептелмейді.

46-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдар қадағалауда болады және: қылмыстық-атқару инспекцияларының қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органдың нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарынан туындастын талаптарын орындауға;

қылмыстық-атқару инспекциясының рұқсатынсыз жұмыс, оку орнын және тұрғылықты жерін ауыстырмауға; оқудан және жұмыстан бос уақытта тұратын жерінде болуга; қылмыстық-атқару инспекциясы белгілеген мерзімде тіркелу және тәрбиелік іс-шаралар өткізуге қатысу үшін қылмыстық-атқару инспекциясына келуге;

жұмыс немесе оқу кестесінің өзгеруі туралы қылмыстық-атқару инспекциясын жиырма төрт сағат ішінде
х а б а р д а р е т у г е ;
жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алғып жүруге міндettі.
2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші сотталған адамдарға жазаны өтеу орны бойынша
облыс шегінде орналасқан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында окуға рұқсат етіледі. Сотталған
адам қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен өзге жерде орналасқан жоғары және арнаулы орта
оқу орындарында оқи алады .

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

47-бап. Бас бостандығының шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдардың еңбек жағдайлары

- Бас бостандығын шектеуге сотталған адамдардың еңбегі, осы Кодекспен белгіленген ережелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының енбек заннамасымен реттеледі.
 - Сотталған адамды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-бапка өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

48-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдармен тәрбие жұмысы

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдармен тәрбие жүмысын жүргізеді.
 2. Сотталған адамдардың тәрбиелік сипатта жүргізілетін іс-шараларға белсенді қатысуы көтермеленеді және тузелу денгейін анықтаған кезде ескеріледі.

Ескерту. 48-бапка өзгерту енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз)
Занымен.

49-бап. Бас бостандығының шектеу түріндегі жазаны өтеуши адамдарға қолданылатын көтермелейу шаралары

1. Қылмыстық-атқару инспекциясы жазаны өтеудің белгіленген тәртібін адал орындағаны үшін сottалған адамдарға мынадай көтермелей шараларын:
алғыс жариялау;
бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу;
демалыс және мереке күндерін тұратын жерінің шегінен тыс жерлерде өткізуге рұқсат беру;
демалысын тұратын жерінің шегінен шығып өткізуге рұқсат беру шараларын қолдана алады.
 2. Тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысатын және жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірген залалды және мемлекетке келтірген материалдық залалды өтеу жөнінде шаралар қолданатын және соттағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін сottалған адамдарды сот осы Кодексте көзделген тәртіппен шартты түрде мерзімінен бұрын босата, сондай-ақ жазаның олар өтемеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыра алады.

Ескерту. 49-бапка өзгерту енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (колданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

50-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдарға қолданылатын жазалау шаралары

демалыс және мереке күндерінде тұратын жерінің шегінен шығуға бір айға дейінгі мерзімге тыым салу; бас бостандығын шектеудің бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін екендігі туралы ескерту шараларын қолдана алады.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясы жазасын өтеуден қасақана жалтарушы адамдарға қатысты бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін сотка

материалдарды табыс етеді.
Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз)

Заңымен.
51-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуші адамдарға көтермелеу және жазалау шараларын

1. Көтермелеу және жазалау шаралары жазбаша түрде колданылады.
2. Жазалау шараларын қолдану кезінде құқық бұзушылық жасалған мән-жайлар, сottalған адамның жеке басы мен оның теріс қылышқа жасағанға дейінгі мінезд-құлқы ескеріледі. Тағайындалатын жаза сottalған адам жасаған теріс қылыштың сипаты мен ауырлығына сәйкес болуга тиіс. Жаза теріс қылыш анықталған құннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер теріс қылышқа байланысты тексеру жүргізілсе - оның аяқталған құннен бастап, бірақ теріс қылышқа жасалған құннен бастап бір айдан кешіктірілмей тағайындалады. Жаза жиырма төрт сағат ішінде, ал ерекше жағдайларда - ол тағайындалған құннен бастап бір айдан кешіктірілмей аткарылады.
3. Осы Кодексте көзделген көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы немесе оның орнында қалған адам толық көлемде пайдаланады.
- 52-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзу**
1. Кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда, тұрғылықты жеріне, жұмыс немесе оку орнына келудін белгіленген кестесін бұзу, өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзу (бұлдіру), сондай-ақ сол үшін әкімшілік жаза қолданылған сottalған адамның қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кемелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғага және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасау жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзушылық болып табылады.
2. Осы баптың 1-тармагында аталған бұзушылықтарды бір жылдың ішінде қайталап жасау, сондай-ақ еңбек демалысынан немесе демалыс және мереке күндері демалыс өткізу орнынан дәлелсіз себептермен дер кезінде келмеу, қылмыстық-атқару инспекциясы қызметкерлерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту, сол сияқты оларды корлау не оларға қатысты күш қолданамын деп корқыту, сондай-ақ тұрғылықты жерінен, жұмыс немесе оку орындарынан өз бетінше кетіп қалу бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтару болып табылады.
3. Тұрғылықты жерінен, жұмыс немесе оку орындарынан өз бетінше кетіп қалған сottalған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару инспекциясы бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотқа іздеу жарайлау туралы үсінім енгізеді.
- Ескерту. 52-бап жаңа редакцияда - КР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - КР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**
- 53-бап. Сottalған адамдарды қадағалау және бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібін бұзушылықтың алдын алу шаралары**
1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілдері қадағалау қылмыстық-атқару инспекциясымен жүзеге асырылады және сottalған адамдарды олардың тұратын жері мен жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында байқау және бақылау жасаумен қамтамасыз етіледі. Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сottalған адамдардың жүрген жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындастырын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібі мен қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтің үйімдастыруды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орған айқындаиды.
2. Сottalған адамға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде оны ішкі істер органдары сottың санкциясымен жазаны өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында он тәулікке дейінгі мерзімге ұстасуы мүмкін.
3. Жазаны өтеуден әдейі жалтарушы сottalған адамды ішкі істер органы жалтару себептерін анықтау үшін сottың санкциясымен он тәулікке дейінгі мерзімге ұстасуы мүмкін. Қажет болған жағдайда, ішкі істер органы ұсталған адамды жазаны өтеу орнына бас бостандығынан айыруға сottalған адамдар үшін белгіленген тәртіппен жібереді және жазаны өтеуден әдейі жалтарғаны туралы деректер болған кезде қылмыстық-атқару инспекциясы сottalған адамның бас бостандығын шектеудің етелмеген мерзімін бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдарды сottalған адамның ұсталған жері бойынша сотқа береді.
4. Сottalған адам электрондық бақылау құралдарын бұзған (бұлдірген) жағдайда, қылмыстық-атқару

инспекциясы тиісті ақт жасайды.

5. Электрондық бакылау құралдарын қасақана бұзған (бұлдірген) кезде сottalған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 53-бап жана редакцияда - КР 2012.01.18 N 547-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қаранды)
З а н ы м е н .

9-тарау. ҚОСЫМША ЖАЗАЛАРДЫ АТҚАРУ

56-бап. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру туралы сот үкімін атқару

1. Сottalушыны арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру туралы үкім шығарған сот үкім заңды күшіне енген соң оның көшірмесін сottalушыға атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды а д а м ғ а ж і б е р е д і .

2. Laуазымды адам белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарға сottalушыны арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру туралы жазба жасайды, сондай-ақ оны тиісті атағы, шені, дәрежесі, сыныбы бар адамдар үшін көзделген құқықтар мен женілдіктерден айыру жөнінде шаралар қолданады.

3. Запастағы әскери қызметші жөніндегі сот үкімінің көшірмесі оның әскери есепке алынған орны бойынша жергілікті әскери басқару органына жіберіледі.

4. Laуазымды адам үкімнің көшірмесін алған күннен бастап бір айдың ішінде үкімді шығарған сотқа оның орындағаны туралы х а б а р л а й д ы .

5. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес сottalған адамды құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан немесе мемлекеттік наградадан айыру туралы шешім қабылдаған кезде тиісті мемлекеттік орган осы баптың 2-тармағында көрсетілген шараларды қолданады. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындастырылған тәртіппен олар болатын жердегі

инспекциясы

жүргізеді.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2004.12.09 N 10, 2007.03.26 N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қаранды), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданысқа енгізіледі) Зандарымен.

57-бап. Мұлікті тәркілеу туралы сот үкімін атқару тәртібі

1. Сottalушының мұлқін тәркілеу туралы үкім шығарған сот ол заңды күшіне енген соң атқару парагын, мұлік тізімінің көшірмесін және үкімнің көшірмесін атқару үшін мемлекеттік сот орындаушысына жібереді, бұл туралы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды. Исте сottalушы мұлқінің тізімі болмаған жағдайда мұлік тізімі жүргізілмеген туралы анықтама жіберіледі.

2. Мұлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындауды мұліктің тұрған жері бойынша мемлекеттік сот орындаушысы ж ү р г і з е д і .

Ескерту. 57-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2000.06.23 N 57, 2001.12.24 N 276, 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап колданысқа енгізіледі) Зандарымен.

Р К А О - н ы н ғ а с к е р т п е с і !

58-бап 01.01.2018 бастап күшін жойды - КР 05.07.2014 № 234-V Кодексімен.

58-бап. Тәркілеуге жататын мұлік

1. Сottalушының мұлқі, соның ішінде оның ортақ немесе бірлескен меншіктегі үлесі, ақшасы мен бағалы қағаздары, сottalушының банктердегі салымдары мен кез келген меншік нысанындағы активтерге өзге де салымдары сот үкімі бойынша тәркіленуге жатады. Сондай-ақ қылмыстық іс-әрекет объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынып қойылған зат болып табылатын мұлік сот үкімі б о й ы н ш а т ә р к і л е н у ғ е ж а т а д ы .

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін сottalған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған, не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, сottalған адамның басқа адамдардың меншігіне берген мұлік те заңнамада белгіленген тәртіппен тәркілеуге жатады.

2. Сottalушының сот үкімі бойынша тәркіленуге жатпайтын мұліктің Тізбесінде аталған мұлік тәркіленуге жатпайды (коса тіркеледі).

3. Соттың үкімі бойынша тәркіленуге жататын мұліктің кімге тиесілі екендігі туралы даулар азаматтық

59-бап. Мемлекеттік сот орындаушының мүлікті тәркілеу туралы сот үкімін атқару жөніндегі іс-әрекеті Ескерту. Такырыпқа өзгерту енгізілді - КР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Мемлекеттік сот орындаушысы атқару парагын алған соң дереу тізімде көрсетілген мүліктің бар-жоғын тексереді, тәркілеуге жататын басқа мүлікті анықтайды, сөйтіп оны тізімге кіргізеді. Егер мүліктің тізімі жүргізілмеген болса, Мемлекеттік сот орындаушысы сottалушының тәркіленуге жататын мүлкін анықтауга шара қолданады, сөйтіп оны тапқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сол мүліктің тізімін жасайды.

2. Тізімде әрбір заттың толық және дәл атауы, оның айырым белгілері, соның ішінде түсі, мөлшері, тозу дәрежесі мен жеке сипаттамасы көрсетіледі. Тізімделген заттар сұргіленеді, мөрленеді және сактауга беріледі, бұл туралы тізімге белгі соғылады.

3. Мемлекеттік сот орындаушысы тәркіленуге жататын және тізімге алынған мүлікті сактауга қажетті шарапада қолданады.

4. Алып тасталды - КР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

5. Сottалушының ортақ және бірлескен меншіктегі ұлесін мемлекеттік сот орындаушының ұсынуы бойынша сот азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен анықтайды.

Ескерту. 59-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

60-бап. Тәркіленген мүлікті уәкілетті мемлекеттік органға беру

1. Сottалушының тәркіленген мүлкін уәкілетті мемлекеттік органға беру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған қойылатын барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін жүргізіледі. Тәркіленген мүлік есебінен қанағаттандыруға жататын талаптар жөнінде мемлекет оны сатудан немесе одан әрі пайдаланудан алынған қаражат шегінде жауап береді.

2. Тәркіленген мүлікті уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 60-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2000.06.23 N 57, 2001.12.24 N 276, 2006.06.22 N 147 Занымен.

61-бап. Тәркіленуге жататын мүлікке байланысты үшінші тұлғалардың міндеттері

1. Өзінде сот үкімімен тәркіленуге жататын мүлік бар ұйымдар мен азаматтар бұл туралы сотқа немесе уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті.

2. Аталған мүліктің жасырылуына, бүлінуіне немесе ұрлануына кінелілер заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Ескерту. 61-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2000.06.23 N 57, 2001.12.24 N 276 Занымен.

62-бап. Үкімді атқарудан кейін анықталған мүлікті тәркілеу

Үкім барлық мүлікті тәркілеу бөлігінде атқарылып, бірақ айыптау үкімін атқарудың заңмен белгіленген етеу мерзімдері біткенге дейін сottалушының оған үкім шығарылғанға дейін немесе үкім шығарылғаннан кейін ол тәркілеуге жататын қаражатқа сатып алған тәркіленбеген мүлкі табылған жағдайларда, үкім шығарған сот немесе үкімді атқару орны бойынша сот, егер мүлік заң бойынша тәркіленуі мүмкін болса, мемлекеттік сот орындаушының ұсынуымен табылған мүлікті тәркілеуді атқаруға жіберу туралы қаулы шығарады.

Ескерту. 62-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

3 БӨЛІМ. ҚАМАУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

Ескерту. 3-бөлім алып тасталды - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашкы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

4 БӨЛІМ. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ
11-тарау. **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

68-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару орындары

1. Осы баптың 2 және 3-тармактарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар сотталғанға дейін өздері түрган облыстың аумағындағы Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінде жағдайда, сондай-ақ сотталғандардың денсаулығының жай-күйіне байланысты немесе олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қылмыстық атқару жүйесінің уәкілетті органының нұскауы бойынша олар жазасын өтеу үшін басқа облыстың тиісті түзеу мекемесінде жіберіледі.
2. Сотталғанға дейін түрган жері бойынша тиісті турдегі түзеу мекемесі болмаған жағдайда, сондай-ақ сотталғандардың денсаулығының жай-күйіне байланысты немесе олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қылмыстық атқару жүйесінің уәкілетті органының нұскауы бойынша олар жазасын өтеу үшін басқа облыстың тиісті түзеу мекемесінде жіберіледі.
3. Түзеу мекемесінде құқық тәртібін сактау үшін қылмыстық атқару жүйесі уәкілетті органының нұскауы бойынша сопталғандардың құлыпталатын үй-жайларда бөлек ұстауды қамтамасыз еткен жағдайда олар жазасын өтеу үшін басқа облыстың қылмыстық атқару жүйесінің тиісті мекемесіне жіберіледі не осы Кодекстің 69-бабында көзделген жазасын өтеу орны бойынша оқшауланған участкениң құлыпталатын үй - жағдайла аудастырылады.
- Басқа мекемелерге жіберілген не осы баптың 3-тармағына сәйкес жазасын өтеу орны бойынша аудастырылған сопталғандарға соттағындаған түзеу колониясының түрі үшін осы Кодексте белгіленген жағдайлар қолданылады.
4. Қылмыстарды өте қауіпті қайталау жағдайында сопталғандар, өмір бойы бас бостандығынан айыруға сопталғандар, жазаны түрмеде өтеуге сопталғандар, өлімге кесу түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға аудастырылған адамдар, сопталған әйелдер, сопталған кәмелетке толмағандар жазасын өтеу үшін орналасқан жері бойынша тиісті түзеу мекемелеріне жіберіледі.
5. Бас бостандығынан айыруға сопталған, Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп жатқан шетелдіктер жазаларын одан әрі өтеу үшін өздері азаматтары (боданы) болып табылатын мемлекеттерге Қазақстан Республикасы ратификациялаган халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жиберілу мүмкін.
- Ескерту. 68-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**
- 69-бап. Түзеу мекемелерінің түрлері**
1. Түзеу колониялары, тәрбиелеу колониялары, түрмелер түзеу мекемелері болып табылады. Тергеушілік оқшаулау орындары шаруашылықтық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты орындауға қалдырылған (осы Кодекстің 72-бабы), сондай-ақ түзеу мекемесінде құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін жіберілген және осы Кодекстің 68-бабының тәртібімен аудастырылған сопталғандарға қатысты түзеу мекемелерінің міндеттін атқарады.
2. Түзеу колониялары кәмелетке толған бас бостандығынан айыруға сопталған адамдардың жазасын өтеуіне арналған. Олар колония-қоныстар, жалпы, қатаң және айрықша режимдегі колониялар болып бөлінеді.
- Сопталған адамдар құлыпталатын үй-жайларда тұратын бір түзеу колониясында әртүрлі режим түрлері бар оқшауланған участкелер жасалуы мүмкін.
3. Колония-қоныстарда абайсызда жасаған қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сопталғандар және қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сопталған адамдар, сондай-ақ сопталғандардың осы Кодекстің 73-бабының 2-тармағы негізінде және сонда белгіленген тәртіп бойынша жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларынан аудастырылғандары жазасын өтейді.
4. Жалпы режимдегі түзеу колонияларында әдейі жасаған кішігірім немесе орта ауырлықтағы қылмыстар және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сопталған адамдар, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға аудастырылған адамдар жазасын өтейді.
5. Қатаң режимдегі түзеу колонияларында аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сопталған, сондай-ақ сопталушы бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген болса, қылмыстар қайталанған жағдайда сопталған еркектер мен қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда әйелдер жазасын өтейді.
6. Айрықша режимдегі түзеу колонияларында қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда еркектер, өмір бойы бас бостандығынан айыруға аудастырылып сопталғандар жазасын өтейді.
7. Мәжбүрлеп және міндетті емдеуді жүзеге асыратын түзеу мекемелерінде осы Кодекстің 16-бабының 1 және 4-тармақтарында аталаип откен сопталғандар жазасын өтейді.

8. Тұрмelerde ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін, қылмыстар аса қауіпті қайталаңған жағдайда бес жылдан астам мерзімге сотталған, сондай-ақ жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бўзып, түзеу колонияларынан ауыстырылған және (немесе) осы Кодекстің 68-бабының 3-тармағына сәйкес жіберілген адамдар жазасын өтейді, сондай-ақ өлім жазасын орындауга мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданылған уақытта өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім құшіне енген адамдар

Ұстапады.

9. Тәрбиелу колонияларында бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмагандар, сондай-ақ жиырма жасқа жеткенге дейін тәрбиелу колонияларында қалдырылған сотталғандар жазасын өтейді. Ескерту. Осы Кодекстің баптарында құлыпталатын үй-жайлар деп онда болуы жазалау шараларына байланысты емес, алты адамға дейін бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған камера

кулышқа

жабылған

үй-жай

түсіндіріледі.

Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2000.05.05 N 47, 2004.03.10 N 529, 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.11.29 N 502-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

70-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жазасын өтеуге жіберу

1. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар тергеу изоляторларының әкімшілігі соттың үкімі заңды құшіне енгені туралы хабарламаны алған құннен бастап он құннен кешіктірілмей жазасын өтеуге жіберіледі. Осы мерзім ішінде сотталған адамның туыстарымен немесе өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесуге құқығы бар. Сотталған адамдарды түзеу мекемелеріне жіберу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындауды.

2. Тергеушілік оқшаулау орнының әкімшілігі сотталушының қалауы бойынша туыстарының бірін не заңды өкілін оның жазасын өтеу үшін қайда жіберіліп отырғаны туралы хабардар етуге міндетті. Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.29 N 25, 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

71-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын өтеу орнына жіберіледі және бір жазасын өтеу орнынан екіншісіне айдалап апару арқылы ауыстырылады.

2. Сотталғандарды айдалап апару арқылы орнын ауыстыру ұстау ережелері сактала отырып: ерекктер әйелдерден бөлек, кәмелетке толмагандар - ересектерден бөлек; өлім жазасына кесілгендер - сотталғандардың басқа санаттарынан бөлек; бір қылмыстық іс бойынша өтуші тергеліп-сотталғандар - бөлек-бөлек, туберкулезben ауыратындар немесе соғ ауруынан емделудің толық курсынан өтпегендер, жүйкесі ауыратындар - бір-бірінен бөлек және дені саулардан бөлек, қажет болған жағдайда дәрігердің корытындысы бойынша медицина қызметкерлерінің еріп жүруімен жүзеге асырылады.

3. Сотталғандарды айдалап апару арқылы орнын ауыстыру кезінде олар қажетті тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық жағдайлармен қамтамасыз етіледі.

4. Сотталғандарды орнын ауыстыру кезінде оларды мекеме (жөнелтуші орган) маусымдық киіммен, аяқ киіммен, сондай-ақ жолдағы бүкіл кезеңде сотталғандар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етеді.

5. Сотталғандардың орнын ауыстыру мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

6. Сотталған адамдардың орын ауыстыру тәртібі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

7. Сотталған адамды жазаны өтеу орнына жіберу немесе жазасын өтейтін бір орыннан екіншісіне ауыстыру кезінде оның жеке шотындағы ақшалары сотталған адам жіберілген не ауыстырылған мекемедегі оның жеке шотына аударылады.

Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

72-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды тергеушілік оқшаулау орнында немесе түрмеде қалдыру

1. Жазасын өтеу жалпы режимдегі түзеу колониясына тағайындалған, бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар ерекше жағдайларда өздерінің келісімімен шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін тергеушілік оқшаулау орнында немесе

- тұрмеде қалдырылуы мұмкін .
2. Сотталғандарды шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдыру сотталушының жазбаша келісімі болған жағдайда тергеушілік оқшаулау орны немесе тұрме бастығының қаулысымен жүргізіледі .
3. Тергеушілік оқшаулау орнында немесе тұрмеде шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған сотталғандар жалпы режимдегі түзеу колониялары үшін осы Кодексте көзделген жағдайларда өзге адамдардан оқшау ұсталады .
4. Басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша тергеу іс-әрекетін жүргізу қажет болған жағдайда жазасын түзеу колониясында немесе тәрбиелеу колониясында өтеумен бас бостандығынан айыруға сотталушы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген мерзімге тергеушілік оқшаулау орнында немесе тұрмеде қалдырылуы мүмкін .
5. Басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша сот қарауына қатысу қажет болған жағдайда сотталушы соттың қаулысы бойынша істі сотта қарау уақытында тергеушілік оқшаулау орнында немесе тұрмеде қалдырылуы мүмкін .
6. Егер сотталушы басқа іс бойынша қылмыстық жауапқа тартылып, ол жөнінде қамауға алу түрінде тыйым салу шарасы таңдал алған болса, оны тергеушілік оқшаулау орнында ұсташа мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес белгіленеді .
7. Сотталушы түзеу мекемесінен тергеушілік оқшаулау орнына немесе тұрмеге осы балтың 4, 5 және 6-тармактарында аталаған негіздер бойынша, сондай-ак түзеу мекемесінде құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін және осы Кодекстің 68-бабының тәртібімен ауыстырылуы мүмкін .
8. Түзеу мекемесінде құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін және осы Кодекстің 68-бабының тәртібімен тергеушілік оқшаулау орындарына ауыстырылған сотталғандар тергеушілік оқшаулау орнында қамауда отырған және шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған адамдардан оқшау, осы Кодексте түзеу мекемелері үшін көзделген жағдайларда құлыпталатын камералада ყасталады .
- Ескерту. 72-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**
- 73-бап. Түзеу мекемесінің түрін өзгерту**
1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға мінез-құлқына және еңбекке көзқарасына қарай түзеу мекемесінің түрі өзгертуі мүмкін .
2. Өзін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандар жазасын одан әрі өтеу үшін: сотталғандар тұрмеде сот үкімі бойынша тағайындалған мерзімінің кемінде жартысын өтегеннен кейін тұрмаден түзеу колониясына ; ұсташадың жеңілдетілген жағдайларында сотталғандар ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтегеннен кейін, ал бас бостандығын айыруды өтеуден шартты тұрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның өтелмей қалған кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған сотталғандар жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтегеннен кейін жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларынан колония-қонысқа ауыстырылуы мүмкін .
- 3 . Мыналар :
- қылмыстардың аса қауіпті қайталануы жағдайында сотталғандар; аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталғандар; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ак өмір бойы бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сотталғандар; өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сотталғандар; міндетті емделуден өтпеген, сондай-ак жабық үлгідегі медицина мекемелерінде арнайы емдеуді талап ететін сотталғандар ;
- колония-қонысқа ауыстыруға жазбаша тұрде келісім бермеген сотталғандар колония-қонысқа көшірілуге жатпаайды .
4. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар болып табылатын сотталғандар: колония-қоныстан бұрын сот айқындаған түрдегі түзеу колониясына; сот үкімі бойынша өздері жіберілген колония-қоныстан жалпы режимдегі түзеу колониясына; жалпы, қатаң және айрықша режимдегі түзеу колонияларынан тұрмеге өздері жіберілген режим түріндегі түзеу колониясында жазаның қалған мерзімін өтеуге үш жылдан аспайтын мерзімге тұрмеге

5. Түзеу мекемесінің түрін өзгертуді түзеу мекемесі бастығының ұсынуы негізінде сот жүзеге асырады.
Ескерту. 73-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2002.12.21 N 363, 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

74-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды түзеу мекемелеріне қабылдау

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды түзеу мекемелеріне Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген тәртіппен түзеу мекемелерінің әкімшілігі қабылдайды.
2. Түзеу мекемелеріне келген сотталғандар он бес тәулікке дейінгі мерзімге карантин бөлімшесіне орналастырылады. Сотталғандар карантин бөлімшесінде болған кезеңінде әдеттегі жазаны өтеу жағдайларында болады.

75-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды түзеу мекемелерінде бөлек ұстай

1. Түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыруға сотталған еркектер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандар мен ересектерді бөлек ұстай белгіленеді.
2. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген сотталғандардан бөлек ұсталады. Бір түзеу мекемесінде бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған әйелдер бұл жазаны бұрын өтеген әйелдерден бөлек ұсталуы мүмкін. Қылмыстар аса қауіпті қайталанған жағдайда сотталғандар; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар; өмір бойы бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сотталғандар; өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар басқа сотталғандардан окшау, соңда ай - ақ бөлек ұсталауда.
3. Сотталған бұрынғы сот және құқық қорғау органдарының қызметкерлері бөлек түзеу мекемелерінде ұсталады. Бұл мекемелерге өзге де сотталғандар жіберілуі мүмкін.
4. Сотталғандарды бөлек ұстайдың осы бапта белгіленген талаптары мәжбүрлеп және міндепті емдеуді жүзеге асыру мекемелеріне, сондай-ақ балалар үйлері бар түзеу мекемелеріне қолданылмайды. Сотталғандар аталған мекемелерге жіберіледі, сот тағайындаған колонияның түрі үшін заңмен белгіленген жағдайлар да ұсталауда.
5. Әртүрлі жүқпалы аурулармен ауырған сотталғандар жеке-жеке және дені сау сотталғандардан бөлек ұсталады. Емдеу-профилактикалық мекемелерінде (ауруханаларда, арнайы психиатриялық және туберкулезді емдеу ауруханаларында) сотталған ер адамдар сот белгілеген режим түріне қарамастан бірге ұсталады. Туберкулезді емдеу ауруханаларында және емдеу құқығы бар түзеу мекемелерінде сотталған адамдарды бөлек ұстай медициналық айғақтамалармен айқындалады.

Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

76-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бүкіл жаза мерзімін бір түзеу мекемесінде өтейі

1. Бас бостандығынан айыруға сотталушы жазаның бүкіл мерзімін, әдетте, бір түзеу колониясында, түрмеде немесе тәрбиелеу колониясында өтейуге тиіс.
2. Сотталушыны жазасын одан әрі өтей үшін бір колониядан сондай түрдегі басқа колонияға көшіруге ол ауырған жағдайда не оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, түзеу мекемесін қайта ұйымдастыру немесе тарату кезінде, өндіріске қажет болған жағдайда сотталушының келісімін, сондай-ақ сотталушының сол түзеу мекемесінде одан әрі болуына кедергі жасайтын өзге де ерекше мән-жайлар кезінде жол беріледі.

12-тарау. ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ РЕЖИМ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

77-бап. Түзеу мекемелеріндегі режимнің негізгі талаптары

1. Түзеу мекемелеріндегі режим - сотталғандарды күзету мен оқшаулауды қамтамасыз ететін занда және занға сәйкес нормативтік құқықтық актілермен белгіленген жазаны атқару мен өтей тәртібі; оларды ұдайы қадағалау; өздеріне жүктелген міндептерді атқару; олардың құқықтары мен занды мұдделерін жүзеге асыру; сотталғандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі; сотталғандардың түрлі санаттарын бөлек ұстай; сот тағайындаған түзеу мекемесінің түріне қарай ұстайдың түрлі жағдайлары; жазаны өтей шарттарын өзгерту.
2. Режим сотталғандарды түзеудің басқа құралдарын қолдануға жағдайлар жасайды.
3. Түзеу мекемелерінде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін Ішкі тәртіп қағидалары қолданылады.
4. Түзеу мекемелерінде сотталғандар нормативтік құқықтық актілермен айқындалатын белгіленген

Улгідегі киімді киіп жүреді.

5. Сотталғандар, олардың заттары мен киім-кешегі, сондай-ақ түзеу мекемесінің үй-жайы тінтіледі және тексеріледі. Жеке тінтуді сотталғандармен бір жыныстағы адамдар жүргізеді. Тұрғын үй-жайды оларда сотталғандар болған кезде тінтуге кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда жол беріледі.

6. Түзеу мекемесінің әкімшілігі мекеменің аумағындағы және оған жапсарлас режимдік талаптар белгіленген аумақтардағы адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына тексеру жүргізуге, сондай-ақ тізбесі Қазакстан Республикасының заңдарымен және түзеу мекемелерінің Ишкі тәртіп ережелерімен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға құқылы.

6-1. Түзеу мекемесіне іргелес жатқан аумақтың шекарасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары оның әкімшілігімен келісім бойынша белгілейді. Түзеу мекемесіне іргелес аумақтағы жерді пайдалану режимін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары оның әкімшілігімен келісім бойынша белгілейді.

7. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының түзеу мекемелеріндегі сотталған адамдарға қадағалауды және тексерулер жүргізуі жүзеге асыру жөніндегі қызметтің ұйымдастыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындауды.

8. Сотталғандардың өзінде болуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесі түзеу мекемелерінің Ишкі тәртіп ережелерімен белгіленеді. Сотталғандардың ақшаны, бағалы қағаздар мен бағалы заттарды, сондай-ақ тізбеде көрсетілмеген нәрселерді өзінде сақтауына жол берілмейді.

9. Сотталғандардан табылған ақшаны, бағалы қағаздар мен өзге де бағалы заттарды, сондай-ақ түзеу мекемесінің аумағынан табылған, олардың кімге тиесілі екенін анықтау мүмкін болмagan ақшаны, бағалы қағаздар мен өзге де бағалы заттарды түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес түзеу мекемесінің әкімшілігі алып қояды және сottың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналуға тиіс. Сотталғандардан алынған, сондай-ақ түзеу мекемесінің аумағынан табылған, заңнамамен тыйым салынған өзге де заттар мен құжаттар сақтауға өткізіледі не сottың шешімі бойынша жойып жіберіледі.

10. Сотталғандардың белгіленген тәртіппен сатып алған бағалы қағаздарын сақтауды түзеу мекемесінің әкімшілігі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.16 N 244, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

78-бап. Қадағалау мен бақылаудың техникалық қуралдары

1. Түзеу мекемелерінің әкімшілігі қашып шығу мен басқа қылмыстардың, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзудың алдын алу, сотталғандардың мінезд-құлқы туралы қажетті ақпарат алу үшін дыбыстық-бейnelік (бейnelік қадағалау жүйесі), электронды және өзге де техникалық қуралдарды пайдалануға құқылды.

2. Түзеу мекемелерінің әкімшілігі сотталғандарға қадағалау мен бақылаудың бір мезгілде қорғау міндетін атқарытын, бұзылған жағдайда сотталғандардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі ықтимал техникалық қуралдары қолданылатыны туралы хабарлауға міндетті.

3. Қадағалаудың, бақылаудың және кузеттің инженерлік-техникалық қуралдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды, оларды пайдалану тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

79-бап. Түзеу мекемелеріндегі жедел-іздестіру қызметі

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес түзеу мекемелерінде жедел-іздестіру қызметі жүзеге асырылады, оның міндеті мыналар болып табылады:

жазаларды атқарудың тәртібі мен ережелерін, сотталғандардың, түзеу мекемелерінің қызметкерлері мен өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

түзеу мекемелеріндегі әзірленіп жатқан және жасалмағыш қылмыстар мен жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуды анықтау, ашу, жолын кесу және алдын алу;

түзеу мекемелерінен қашып кеткен сотталғандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыруды өтеуден

жалтарып жүрген сottалғандарды белгіленген тәртіппен іздестіру; сottалғандардың түзеу мекемесіне келгенге дейін жасаған қылмыстарын анықтау мен ашуга жәрдемдесу.

2. Жедел-іздестіру жұмысын түзеу мекемелерінің оралымды қызметтері жузеге асырады.

80-бап. Түзеу мекемелеріндегі айрықша жағдайлар режимі

1. Табиғи апат, түзеу мекемесі орналасқан ауданға төтенше, ерекше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген, сottалғандардың топтасып бағынбаушылығы жағдайларында, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер кезінде түзеу мекемесінде ерекше жағдайлар режимі енгізілуі мүмкін.
2. Ерекше жағдайлар режимі қолданылған кезенде түзеу мекемесінде сottалғандардың осы Кодексте көзделген кейір құқыктарының жүзеге асырылуы тоқтатыла тұруы, күзет пен қадағалаудың күшайтілген нұсқасы, объектілерге жіберудің ерекше тәртібі енгізілуі, күн тәртібінің өзгертуі, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени-ағартушылық, медициналық-санитариялық және өзге қызметтердің жұмысы

шектелуі мүмкін.

3. Ерекше жағдайлар режимі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы үекілетті органның Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келісілген шешімі бойынша отыз тәулікке дейінгі мерзімге енгізіледі. Ерекше жағдайлар режимін енгізу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы үекілетті орган белгілейді. Айрықша реттерде ерекше жағдайлар режимінің қолданылу уақыты осы бапта айқындалған тәртіппен қосымша отыз тәулікке ұзартылуы мүмкін.
Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2001.07.16. N 244, 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

81-бап. Қауіпсіздік шаралары және оларды қолдану негіздері

1. Егер сottалғандар түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне қарсылық көрсетсе, олардың занды талаптарына қасақана бағынбаса, бой бермеушілік танытса, жаппай тәртіпсіздіктерге, аманаттар басып алуға қатысса немесе осы секілді өзге де іс-әрекеттер жасаса, азаматтарға шабуыл жасаса, сондай-ақ түзеу мекемелерінен қашып шығу немесе қашқандарды ұстай кезінде сottалғандарға аталған құқыққа карсы әрекеттерді тыю, сондай-ақ бұл адамдардың айналасындағыларға немесе өздерінен өздері зиян келтіруіне жол бермеу мақсатында дene күші, арнаулы құралдар мен қару қолданылады.
2. Осы баптың 1-тармағында аталған қауіпсіздік шараларын қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен

белгіленеді.

3. Өміріне накты қатер төнгені туралы деректер түсken сottалушылардың сазайын тарттырудан қорғау қажет болған жағдайда мұндай адамдарды жалпы негіздерде бір айға дейінгі мерзімде жеке камераларда үстауға рұқсат етіледі.

13-тaraу. ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

82-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың жазасын өтеу жағдайлары

1. Жалпы немесе қатаң режимдегі бір түзеу колониясының, сондай-ақ тәрбиелеу колониясының шектерінде сottалғандар жазаны өтеудің дағдылы, қатаң, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларында болуы

мүмкін.

2. Ерекше режимдегі түзеу колониясында сottалғандар жазаны өтеудің дағдылы, қатаң және жеңілдетілген жағдайларында болуы мүмкін.
3. Түрмеде ұсталатын сottалғандар үшін режимнің жалпы және қатаң түрлери белгіленеді.
4. Сottалғандарды осы Кодекстің 116, 118, 120, 123, 126-баптарында аталған негіздер бойынша бір жағдайдан екіншісіне ауыстыру түзеу мекемесі комиссиясының шешімімен жүргізіледі, оның жұмысына облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өкілдері қатыса алады. Түзеу мекемесінің комиссиясы түрмеде отырған сottалғандарды режимнің жалпы түрінен қатаң және қатаңынан жалпы режимге ауыстыру туралы мәселені де шешеді. Тәрбиелеу колонияларында сottалған адамдарды бір жағдайдан екінші жағдайға ауыстыру осы кодекстің 128-бабына сәйкес жүргізіледі.

5. Сottалушы түзеу колониясындағы жазаны өтеудің қатаң жағдайларына немесе түрмедегі режимнің қатаң түріне ауыстыруға келіспеген жағдайда ол ауыстыру туралы занда белгіленген тәртіппен шағым жасауға

құқылы.

Ескерту. 82-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Зандарымен.

83-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажет заттарды сатып алуы

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажет заттарды жазасын өтеу кезеңінде тапкан ақшасына, сондай-ақ алатын зейнетакылары мен әлеуметтік жәрдемақыларының есебінен шектеу қосызыз қолма-қол есеп айрыспай сатып алуына болады.
 2. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, сотталған адамдардың жұмыссауына рұқсат етілетін ақшаның жалпы сомасы, олардың жазасын өтеу кезінде тапқанын қоспағанда, осы Кодекстің 117, 119, 121, 127, 129-баптарымен реттеледі.
 3. Рұқсат етілген ақша сомасы ағымдағы айда жұмысалмаған жағдайда сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды жұмысалмаған сомаға кейінгі айларда сатып алуына болады.
 4. Жүкті әйелдердің, жанында балалары бар әйелдердің, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер мен емдеу түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталған адамдардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттың есебінен шектеусіз сатып алуына болады.

5 . а л ы п т а с т а л д ы

 6. Сотталғандарға сатуға тыйым салынған тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттардың тізбесі және олардың саны түзеу мекемелерінің Ишкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

Ескерту. 83-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363, 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

84-бап. Бас бостандығынан айыруға сottaлғанлардың кезлесулері

1. Соттадаңдарға түзөу мекемесінің аумағында узактығы екі сағат

1. Сотталғандарға түзөу мекемесінің ауматында ұзақтығы екі сағаттан горт сағатқа дейнің қысқа мерзімді, ұзақтығы бір тәуліктен үш тәулікке дейін ұзақ кездесулер беріледі. Осы Кодексте көзделген жағдайларда сотталғандарға түзөу мекемесінен тыс тұру арқылы ұзақтығы бес тәулік болатын ұзақ мерзімді кездесулер берілуі мүмкін. Бұл жағдайда кездесудің тәртібі мен өтетін жерін түзөу мекемесінің бастығы белгілейді.

2. Тұған-туыстарымен немесе өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесулер түзөу мекемесінің әкімшілігі өкілінің қатысуымен беріледі. Ұзақ кездесулер жұбайымен /зайыбымен/ және жақын туыстарымен /ата-аналар, балалар, асырап алғандар, асырап алынғандар, ағалы-інілілер, апалы-сінілілер, атасы, әжеси, немерелері/, ерекше жағдайларда түзөу мекемесі бастығының рұқсаты бойынша өзге адамдармен бірге тұрғыу құқығымен беріледі.

3. Сотталған адамдарға өздерінің өтініші бойынша ұзак кездесуді қысқа мерзімдісімен, ал тәрбиелу колонияларында мекемеден тыс бірге түрумен ұзак кездесуді колониядан тысқары шығатын қысқа мерзімдісімен ауыстыруға рұқсат етіледі. Ауыстыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Сотталғандарға заң көмегін алу үшін олардың санына, ұзактығына шек койылмай және олардың күпиялышының қамтамасыз ететін жағдайларда, олардың арызы бойынша адвокаттармен кездесуге рұқсат беріледі.

Ескерту. 84-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2001.07.16 N 244, 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз), 2009.12.11 N 230-IV (2010.01.01 бастап колданыска енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашкы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен сон колданыска енгізілелі) Занларымен.

85-бап. Сотталғандардың посылкалар, салемлемелер мен бандерольдер аты

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға түзөу мекемелерінде осы Кодекстің 117, 119, 121, 123, 129-баптарында белгіленген мөлшерде посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдер алуға рұқсат етіледі. Бір посылканың немесе бандерольдың ең жоғары салмағы поча ережелерімен айқындалады. Бір сәлемдеменің салмағы бір посылкаға белгіленген салмақтан аспауға тиіс.
 2. Ауру сотталғандардың, I және II топтағы мүгедектердің, жүкті сотталған эйелдер мен балалары түзөу мекемесінің балалар үйлерінде жүрген сотталған эйелдердің мөлшері мен түр-түрі медициналық корытындыда белгіленген қосымша посылкалар мен сәлемдемелер алуына болады.
 3. Сотталғандардың медициналық корытындыға сәйкес алатын дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдары осы баптың 1-тармағында айқындалған посылкалардың, сәлемдемелер мен бандерольдердің санына қосылмайды. Олар сол сотталғандарды емдеу үшін түзөу мекемесінің медициналық бөліміне жіберіледі.
 4. Посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдер тексеріледі.
 5. Сотталған адамдардың посылкаларды, сәлемдемелер мен бандерольдерді алу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындейды.
 6. Сотталғандар түзөу мекемесі әкімшілігінің рұқсатымен посылкалар мен бандерольдер жөнелте алады.

Ескерту. 85-бапка өзгеріс енгізілді - КР 2001.07.16 N 244 Зақымен, 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

86-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандардың хат алышуы, ақша аударымдарын жіберуі мен алуы

1. Сотталғандарға хаттар мен жеделхаттарды санына шек қоймай өз есебінен алуға және жіберуге рұқсат етіледі.

2. Сотталған адамдардың жіберетін және алатын хат-хабарына қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен цензура қолданылады.

3. Туыстар болып табылмайтын, бас бостандығынан айыру орындарында ұсталушы сотталғандардың арасында хат алышуға түзеу мекемесі әкімшілігінің рұқсатымен жол беріледі.

4. Сотталғандар ақша аударымдарын алуға, сондай-ақ жақын туыстарына, ал әкімшіліктің рұқсатымен ақша аударымын өзге адамдарға жіберуге құқылы.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз)

Зақымен, 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

87-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандардың телефон арқылы сөйлесуі

1. Сотталған адамның телефон арқылы әр сөйлескенде ұзактығы он бес минутқа дейін сөйлесуге құқығы бар. Телефон арқылы сөйлесу ақысы сотталғандардың немесе олардың жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының жеке қараждатынан төленеді.

2 . (а лы п т а с т а л д ы)

3. Катаң ұстau жағдайындағы сотталғандарға, сондай-ақ жазалау шарасын айыптылық, тәртіптік оқшаулау орындарында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда өтеушілерге телефон арқылы сөйлесуге ерекше жеке жағдайлар кезіндеға рұқсат етілуі мүмкін.

4. Түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандардың арасында телефон арқылы сөйлесуге тыйым салынады.

5. Сотталған адамдардың телефон арқылы сөйлесулерін түзеу мекемелерінің қызметкерлері бакылайды. Қылмыстық-атқару жүйесінің сотталған адамдардың телефон арқылы сөйлесулерін бақылау жөніндегі қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Ескерту. 87-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2002.12.21 N 363, 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Зандарымен.

88-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандардың әдебиеттер және жазу керек-жарагын сатып алуы мен сақтауы

1. Сотталғандардың бандерольдарда, посылкалар мен сәлемдемелерде жазу керек-жарактарын алуына, сауда желісі арқылы әдебиеттер сатып алуына, сондай-ақ жеке шотындағы қараждат есебінен газеттер мен журналдарға шек қоюсыз жазылуға рұқсат етіледі.

2. Сотталғандарға конституциялық құрылышты құштеп өзгертуді, Республиканың тұтастырын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, діни, әлеуметтік және рулық артықшылықты, сондай-ақ қаталдық пен зорлық-зомбылыққа табынуды насиҳаттайтын басылымдарды, сондай-ақ әдепсіздік сипаттағы басылымдарды алуға, сатып алуға, оларға жазылуға, сақтауға және таратуға тыйым салынады.

3. Сауда желісі арқылы сатып алынатын әдебиет сотталушы алуға құқылы посылкалар мен бандерольдардың санына кірмейді.

4. Сотталушыға өзінде он данадан аспайтын кітап пен журнал ұстасына рұқсат етіледі.

5. Саны осы баптың 4-тармағында аталған мөлшерден артық әдебиетті сотталушы сақтауға өткізеді не оның келісімімен түзеу мекемесі кітапханасының пайдаланылуына беріледі.

89-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандардың сейілдеуі

1. Жабылатын үй-жайларда, айыптылық оқшаулау орындарында, тәртіптік оқшаулау орындарында, камералық үлгідегі үй-жайларда, жалпы және жалғыз адамдық камераларда бас бостандығынан айыруды өтеуші сотталғандардың, егер олар ашық жерде жұмыс істемейтін болса, ұзактығы осы Кодекстің 114, 117, 119, 121, 123, 127-баптарымен белгіленген уақытта сейілдеуге құқығы бар.

2. Сотталғандардың сейілдеуі күндізгі уақытта түзеу мекемесі аумағының арнайы жабдықталған болігінде өткізіледі. Сейілдеу сотталғандар түзеу мекемелерінің Ишкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

90-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың кинофильмдер мен телехабарлар көрүі, радиохабарлар тыңдауы

1. Жазасын түрмеде өтеушілерді қоспағанда, бас бостандығынан айыруға сottалғандарға, сондай-ак айыптылық оқшаулау орындарына, камералық үлгідегі үй-жайларға және жалғыз адамдық камераларға көшірілген сottалғандарға аптасына кемінде бір рет кинофильмдер көрсетіледі.
2. Айыптылық оқшаулау орындарына, камералық үлгідегі үй-жайларға және жалғыз адамдық камераларға көшірілгендерді қоспағанда, сottалғандарға күн тәртібімен түнгі демалыс үшін бөлінген уақыттан басқа жұмыстан бос сағаттарда телехабарлар көруге рұқсат етіледі.
3. Сottалғандар мен сottалушылар топтарының өз каражаттарының есебінен сауда желісі арқылы теледидар қабылдағыштары мен радиоқабылдағыштар сатып алуына немесе оларды туган-туystарынан және өзге адамдардан алуына болады.
4. Сottалғандарға күн тәртібімен түнгі демалысқа бөлінген уақыттан басқа жұмыстан бос сағаттарда радиохабарлар тыңдауга рұқсат етіледі. Тұрғын үй-жайлар, тәрбие жұмысы бөлмелері, демалыс бөлмелері, жұмыс үй-жайлары, айыптылық оқшаулау камералары, камералық үлгідегі үй-жайлар, жалғыз адамдық камералар түзеу мекемесінің қаражаты есебінен радионүктелермен жабдықталады.

91-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың айдауылсыз немесе қосып ертпей жүруі

1. Бас бостандығынан айыруды түзеу және тәрбиелеу колонияларында өтеуші, сондай-ак тергеушілік оқшаулау орындары мен түрмелерде шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыска қалдырылған, өзін жақсы жағынан көрсеткен сottалғандарға, егер бұл олардың орындастын жұмысының сипаты бойынша қажет болса, күзетілетін аумактан тыс жерде айдауылсыз немесе қосып ертпей жүруіне рұқсат етілуі мүмкін.
2. Қайталап аса қауіпті қылымыс жасап сottалғандарға; өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сottалғандарға; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottалғандарға; белгілі бір түзеу мекемесінде кемінде алты ай болған сottалғандарға; жазалары алынбаған немесе өтелмеген сottалғандарға; аса ауыр қылымыстары үшін сottалғандарға; сottалған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға; ұстаудың қатаң жағдайларындағы сottалғандарға; жазасын өтеу кезеңінде қасақана жасаған қылымыстары үшін сottалғандарға; алкогользмнен, уытқұмарлықтан, нашақорлықтан, туберкулезден немесе соу ауруынан емделудің толық курсынан өтпеген сottалғандарға күзетілетін аумақ шегінен айдауылсыз немесе қосып ертпей жүргуге жол берілмейді.
Ескеरту. 91-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Занымен.

92-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандарға айдауылсыз немесе қосып ертпей жүру құқығын беру тәртібі

1. Сottалушыға түзеу мекемесінің аумағынан тыскары айдауылсыз немесе қосып ертпей жүру құқығы түзеу мекемесі бастығының дәлелді қаулысымен беріледі.
2. Айдауылсыз немесе қосып ертпей жүру құқығын пайдаланушы сottалғандар блек тұрғын үй-жайларда орналастырылуға тиіс. Оларға түзеу мекемесінің шегінен тыскары, бірақ облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының келісімімен түзеу мекемесінің әкімшілігі белгілеген шекте жатақханаларда түргуға рұқсат етілуі мүмкін.
3. Түзеу мекемесінің шегінен тыс жерде айдауылсыз немесе қосып ертпей жүргуге рұқсат берілген сottалғандардың іс-қылышы түзеу мекемесінің ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.
4. Сottалушки іс-қылышқа ережелерін бұзған жағдайда не жұмысының сипаты өзгерген кезде айдауылсыз немесе қосып ертпей жүрудің түзеу мекемесі бастығының қаулысымен күші жойлады.
Ескерту. 92-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

93-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың түзеу мекемелерінің шегінен тыскары жол жүруі

1. Түзеу және тәрбиелеу колонияларында ұсталатын сottалғандарға, сондай-ак шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тергеушілік оқшаулау орындары мен түрмелерде қалдырылған сottалғандарға түзеу мекемелерінің шегінен тыскары: ерекше жеке жағдайларға байланысты (жакын туысының өлуі немесе науқастың өміріне қатер төндіріп ауыр сырқаттануы; сottалушыға немесе оның отбасына елеулі материалдық залал келтірген табиги зілзала); сондай-ак босатылғаннан кейінгі еңбек және түрмистық жайласу мәселелерін алдын ала шешу үшін бару-қайту жолына қажет (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегендеге, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге - қысқа мерзімді; жыл сайынғы ақылы демалыс уақытында, ал жұмыс істемейтін адамдарға заңға сәйкес демалыс

мерзіміне тәң мерзімге - ұзак мерзімді жол жүруіне рұқсат етілуі мүмкін.

2. Түзөу колонияларының балалар үйлерінде балалары бар сottalған әйелдерге балаларын тұған-тыстарына не балалар үйіне орналастыру үшін бару-кайту жолына қажет уақытты есептемегенде, түзөу мекемелерінің шегінен тыскары жеті таулікке дейінгі мерзімге қысқа мерзімді жол жүргуге, түзөу колониясынан тыс жерде кәмелетке толмаған мүгедек балалары бар сottalған әйелдерге олармен кездесуі үшін жылына дәл сондай мерзімге бір рет қысқа мерзімді жол жүргуге рұқсат етілуі мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған негіздер бойынша жол жүргуге аса қауіпті қайталап қылмыс жасап сottalғандарға; өлімге кесу түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottalғандарға; есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын, психикасының бұзылуынан зардал шегуші деп танылғандарға; алкогольизмнен, уытқұмарлықтан, нашакорлықтан, туберкулезден, соз ауруынан емделуді аяктамағандарға

Рұқсат

Берілмейді.

4. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын, психикасының бұзылуынан зардал шегуші сottalғандарға, I және II топтардағы мүгедектер болып табылатын және денсаулық жағдайына қарай үнемі күтімді қажет етуші сottalғандарға, сондай-ақ кәмелетке толмаған сottalғандарға түзөу мекемесінің шегінен тыскары жол жүргуге туысының еріп жүруімен немесе өзге адамның еріп жүруімен рұқсат етіледі.

5. Сотталушиның ерекше жеке жағдайларға байланысты қысқа мерзімді жол жүруі туралы өтініші бір тәуліктен кешіктірілмей қаралуга тиіс. Қысқа мерзімді жол жүргуге арналған рұқсатты сottalушиның жеке басы мен мінез-құлқын ескере отырып, түзөу мекемесінің бастығы береді.

6. Сотталушиның түзөу мекемесінің шегінен тыс болған уақыты жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

7. Сотталушиның бас бостандығынан айыру орнынан тыс жолының шығындары оның жеке шотында бар қаражатынан төленеді не өзге адамдар төлейді. Сотталушиның түзөу мекемесінен тыс болған уақыты

Үшін оған табыс есептеле майді.

8. Сотталушиның белгіленген мерзімде қайтып оралуын қыннататын күтпеген жағдайлар туындаған ретте сотталушиның болған жеріндегі ішкі істер органы бастығының дәлелді қаулысымен түзөу мекемесіне оралу мерзімі түзөу мекемесі әкімшілігіне қабылданған шешім туралы міндетті түрде шұғыл мәлімденіп, бес тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

9. Сотталғандарға бас бостандығынан айыру орнынан тыс қысқа мерзімді жол жүрудің тәртібі түзөу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

10. Сотталуши түзөу мекемесіне белгіленген мерзімде оралудан жалтарған кезде оны жазасын өтеу орнына айдаған адамдардың жағдайларынан қыннататын күтпеген жағдайлар түрінде өткізу мүмкін.

11. Сотталғандардың басқа мемлекеттің аумағына жол жүруіне тиісті мемлекеттермен келісімдерде көзделген тәртіп пен жағдайларда рұқсат етіледі.

Ескерту. 93-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

94-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету

1. Еңбекпен айналысушы бас бостандығынан айыруға сотталғандар міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жатады, ал әйелдер жүктілігі мен тууы бойынша жалпы негіздерде жәрдемақылармен қамтамасыз етіледі.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етілуге құқығы бар.

3. Бас бостандығынан айыруға дейін зейнетақы тағайындалған, сондай-ақ жазасын өтеу кезінде еңбек қабілетін жоғалтқан адамдарды әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жүргізіледі.

4. Сотталғандардың зейнетақылары мен жәрдемақыларынан ұсталынып қалады. Зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалудың негізі, түрлөрі мен тәртібі, сондай-ақ ұсталып қалғаның бәріне қарамастан сотталушиның жеке шотына есептелетін зейнетақылар мен жәрдемақылардың ең тәменгі проценті осы Кодекстің 103-бабымен белгіленеді.

5. Бас бостандығынан айыруды түзөу мекемелерінде өтеуші сотталғандар жөнінде ерікті медициналық сақтандырудың қолданылуы түзөу мекемелерінде болу мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

95-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілуі

1. Бір сottалушыға шакқандагы тұрғын алаңың нормасы түзеу колонияларында - екі шаршы метрден, тұрмельдерде - екі жарым шаршы метрден, әйелдерді ұстауға арналған колонияларда - үш шаршы метрден, тәрбиелеу колонияларында - үш жарым шаршы метрден, мәжбүрлеп түзеуді жүзеге асыратын түзеу мекемелерінде үш шаршы метрден кем болмауы керек.

2. Сottалғандарға жеке жатын орындары мен төсектік керек-жараптар беріледі. Олар жынысы және климат жағдайлары ескеріліп, маусымдық киіммен, іш киіммен және аяқиіммен қамтамасыз етіледі.

3. Сottалғандарды тамақпен және материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Сottалған адамдар мемлекет есебінен тамақпен, киіммен және бірінші кезекте қажетті заттармен қамтамасыз етіледі. Сottалғандарды еңбекке тартушы кәсіпорындардың қаражаты есебінен оларға белгіленген нормадан тыс қосымша тамақтандыру

ұйымдастырылуы

мүмкін.

4 . а л ы п

та с та л д ы

5. Жүкті әйелдерге, бала емізуі аналарға, кәмелетке толмағандарға, сондай-ак аурулар мен I және II топтағы мүгедектерге жақсартылған тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасалады және тамақтың көтерінікі нормасы

белгіленеді.

6 . а л ы п

та с та л д ы

7. Тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға рұқсат етілетін, осы Кодекстің 83, 117, 119, 121, 127, 129-баптарында белгіленген ақша сомасынан тыс сottалғандардың жеке шоттарындағы қаражаттан түзеу мекемелерінде пайдалануға рұқсат етілген аяқиім мен киімді, оның ішінде спорттық киімді қосымша сатып алына, қосымша емдеу-профилактикалық және өздерінің қалауы бойынша нормативтік құқықтық актілермен белгіленген өзге де қосымша қызметтерге ақы төлеп, медициналық көрсету бойынша қажетті диеталық тамақ алына болады.

Ескерту. 95-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қаранызы) Занымен.

96-бап. Сottалған жүкті әйелдерді, бала емізуі сottалған аналарды және балалары бар сottалған әйелдерді материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етудің ерекшеліктері

1. Балалары бар сottалған әйелдер жазасын өтеп жатқан түзеу мекемелерінде балалар үйлері үйимдастырылуы мүмкін. Түзеу мекемелерінің балалар үйлерінде балалардың қалыпты тұруы мен дамуы үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сottалған әйелдер түзеу мекемелеріндегі балалар үйлерінде өздерінің үш жасқа дейінгі балаларын орналастырып, олармен жұмыстан бос уақытында шек қоюсыз бірге бола алады. Оларға балаларымен бірге тұруға рұқсат берілуі мүмкін.

2. Сottалған әйелдердің келісімімен олардың балалары тұған-тыстарына немесе қорғанышы және қамкоршы органдардың шешімі бойынша өзге адамдарға берілуі не балалары үш жасқа толған соң тиісті балалар мекемелерінде жіберілуі мүмкін.

3. Егер түзеу мекемесінің балалар үйіндегі бала үш жасқа толса, ал анасының жазасын өтеу мерзімінің аяқталуына бір жылдан аспайтын уақыт қалса, емдеу мекемесінің әкімшілігі баланың балалар үйінде болу уақытын анасының жазасын өтеу мерзімі аяқталған күнге дейін ұзарта алады.

4. Сottалған жүкті әйелдер мен бала емізуі сottалған аналардың саны мен түр-түрі медициналық қорытындыда айқындалған қосымша азық-түлік посыкалары мен сәлемдемелерін алына болады. Сottалған жүкті әйелдер, сottалған әйелдер тууы уақытында және тұғаннан кейінгі кезенде мамандандырылған көмек алуға құқылы.

97-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз етілуі

1. Бас бостандығынан айыруға сottалған адамдарға санитариялық-індектеке карсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізу және медициналық көмек Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес

ұйымдастырылады және етептегі

2. Қылмыстық-атқару жүйесінде сottалған адамдарға медициналық қызмет көрсету үшін емдеу-профилактика мекемелері (аурұханалар, арнаулы психиатрия және туберкулезді емдеу аурұханалары; медициналық бөлімдер, медициналық пункттер), ал туберкулезben ауыратын сottалған адамдарды ұстау және емханада емдеу үшін емдеу құқығындағы түзеу мекемелері үйимдастырылады. Алкогольге салынумен, нашакорлықпен және уытқұмларлықпен ауыратын сottалған адамдарды мәжбүрлеп емдеу түзеу колонияларының медициналық бөлімінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Түзеу мекемесінің әкімшілігі сottалғандардың денсаулығын сактауды қамтамасыз ететін, белгіленген санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптардың орындалуы үшін жауапты болады.

4. Бас бостандығынан айыруға сottалғандар жеке және жалпы гигиена ережелерін, санитария талаптарын орындауға міндетті.

5. Сottалған адамдарға медициналық көмек көрсету, санитариялық қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізу, денсаулық сактау органдарының емдеу-профилактикалық және санитариялық-профилактикалық мекемелерін пайдалану және осы мақсаттар үшін олардың медицина қызметкерлерін тарту тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы үәкілдегі орган мен денсаулық сактау саласындағы үәкілдегі орган

айқындаиды.

6. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жүрген шетелдік қайтыс болған жағдайда мекеменің әкімшілігі бас бостандығынан айыру орындарында заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне немесе өзге өкілдігіне дереу жазбаша турде хабарлайды.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2000.05.05 N 47, 2001.07.16 N 244, 2002.12.21 N 363, 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашкы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң колданыска енгізіледі) Заңдарымен.

98-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың материалдық жауаптылығы

1. Жазасын өтеу уақытында мемлекетке, түзеу мекемесіне немесе заңды және жеке тұлғаларға материалдық залал келтірген жағдайда сottалғандар заңда белгіленген тәртіппен материалдық жауапты болады.

2. Сottалушы мемлекетке, түзеу мекемесіне келтірген залалын, қашып шығушыны тыюға, сондай-ақ өзінің денсаулығына қасақана зиян келтірілген жағдайда өзін емдеуге байланысты қосымша шығындарды өтеге тиіс.

3. Келтірілген материалдық залал үшін дұрыс ұсталмаған сома сottалушының жеке шотына есептеліп, оған қайтарылуға жатады.

14-тaraу. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СOTTАЛҒАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ, КӘСПІТКІ БІЛІМІ ЖӘНЕ КӘСПІТКІ ДАЯРЛЫҒЫ

99-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың еңбегі

1. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың бәрі түзеу мекемесінің әкімшілігі белгілеген орындар мен жұмыстарда еңбек етуге міндетті. Сottалғандар өздерін тиісті күзетпен және окшаулаумен қамтамасыз еткен жағдайда түзеу мекемелерінің қәсіпорындарында, мемлекеттік қәсіпорындарда немесе өзге де меншік нысанындағы қәсіпорындарда жұмысқа тартылады. Сottалғандар дербес еңбек қызметімен айналысады.

Кұқылды.

2. Сottалғандарға еңбек жанжалдарын шешу мақсатында жұмысты тоқтатуға тыйым салынады. Жұмыстан бас тарту немесе жұмысты тоқтату жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылық болып табылады және жазалау мен материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

3. Түзеу мекемелерінің әкімшілігі сottалғандарды жынысын, жасын, еңбекке қабілеті мен мүмкіндігінше мамандығын ескере отырып, еңбекке орналастырады.

4. Сottалған еркектер мен әйелдер, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер еңбекке Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тартылады.

5. Жазасын түрмеде өтеуші сottалғандардың еңбегі түрме аумағындаға үйимдастырылады.

6. Сottалғандар тартылатын ендірістік қызмет оларды окшаулау мен күзету талаптарын сактай отырып үйимдастырылады және түзеу мекемелерінің негізгі міндетін - сottалғандарды түзеуді орындауына көдергі келтірмеге тиіс.

7. Сottалғандарды пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар мен қызметтер тізбесі түзеу мекемелерінің Ишкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

8. Түзеу мекемелерінің үйимдарында еркін жалданатын инженер-техника қызметкерлер мен білікті жұмысшылардың еңбекін пайдалануға жұмыс істеуші сottалғандар санының 15 процентіне дейінгі шекте жол беріледі.

100-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандар еңбегінің жағдайлары

1. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші адамдар үшін апталық жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген нормадан аспауы керек. Жұмыстың (ауысымның) басталу және аяқталу уақыты әкімшілік белгілейтін ауысымдылық кестесімен айқындалады. Сottалғандар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыстан босатылады.

2. Сottалғандарды демалыс және мереке күндері жұмысқа тарту қажет болған кезде оларға ай ішінде

б а с к а	күндері	д е м а л ы с	б е р і л е д і .
3. Сотталғандардың орындайтын жұмысының сипаты ескеріліп, тәрбиелеу колонияларын қоспағанда, жұмыс уақытын жинақтап есептеуге жол беріледі. Есепті кезеңдегі жұмыс уақытының орташа ұзактығы заңмен белгіленген күн сайынғы жұмыс ұзактығынан аспауға тиіс.			
4. Тәрбиелеу колонияларында жазасын өтеуші сотталғандардың жұмыс күнінің ұзактығы, оларға апта сайынғы демалыс күндерінің, сондай-ақ өндірістен қол үзбей жалпы білім беретін мектепте үлгерімді окушы адамдарға женілдіктердің берілуі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.			
5. Сотталғандардың акы төленетін еңбекке тартылу уақыты олардың еңбек стажына есептеледі. Жұмыс істелген уақыттың есебін жүргізу жазаны атқаруыш мекеменің әкімшілігіне жүктеледі және ол күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жүргізіледі. Сотталушы белгіленген тапсырмаларды атқарудан ұдайы жалтарған жағдайда уақыттың тиісті кезеңі жазаны атқаруыш мекеме әкімшілігінің ұсынысы бойынша сот шешімімен оның жалпы еңбек стажынан алынып тасталады.			
6. Сотталған адамдардың ұзактығы күнтізбелік жиырма төрт күн акы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына құқығы бар. Демалыстар осы Кодекстің 93-бабына сәйкес түзеу мекемесінің шегінен тыскары шығатындей немесе шықпайтындей етіп беріледі.			
7.	С от т а л ғ а н	ад а м д а р ғ а :	
1) ауыр жұмыстарға, зиянды (аса зиянды) және (немесе) еңбек жағдайлары қауіпті жұмыстарға қамтылғандарға ұзактығы кемінде күнтізбелік алты күн;			
2) бірінші және екінші топтағы мүгедектерге ұзактығы кемінде күнтізбелік он бес күн акы төленетін қосымша жыл сайынғы еңбек демалыстары беріледі.			
8. Сотталғандардың еңбегі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін сақтай отырып ұйымдастырылады. Ескерту. 100-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)			
Заңымен.			
101-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегіне акы төлеу			
1.	Сотталғандардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбегіне акы төленуге құқығы бар.		
2.	Жұмыс уақытының сол кезеңге белгіленген нормасын толық істеген және өздерінің еңбек міндеттерін (еңбек нормаларын) орындаған сотталғандардың айлық жалақысы белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмауы көрек.		
3.	Толық емес жұмыс күнінде немесе толық емес жұмыс аптасында еңбекке акы төлеу жұмыс істеген уақытқа пропорциялы түрде немесе істелген жұмысқа қарай жүргізіледі.		
102-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегіне акы төленбейтін жұмыстарға тарту			
1.	Сотталғандар тек түзеу мекемелерін және оларға жапсарлас аумактарды қөркейту жөніндегі, сондай-ақ мәдени-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі жұмыстарға ғана еңбегіне акы төленбей тартылады. Аталған жұмыстардан бас тарту осы Кодекстің 111-бабында көзделген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.		
2.	Сотталғандар бұл жұмыстарға әдетте жұмыс уақытынан тыс кезде көзектілік тәртібімен тартылады және оның ұзактығы аптасына екі сағаттан аспауға тиіс. Сотталғандардың қалауы бойынша жұмыстың ұзактығы артырылуы мүмкін.		
Ескерту. 102-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.			
103-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың кірісінен ұстап қалу			
Сотталған адамдардың жалақысынан, зейнетақысынан, жәрдемақысынан және өзге де кірістерінен атқару параптараты немесе басқа да атқару құжаттары бойынша сомаларды ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.			
Түзеу мекемелерінде сотталған адамдардың жеке шотына ұстап қалғаннан кейін оларға есептелген жалақының, зейнетақының немесе өзге де кірістерінің кемінде елу проценті аударылады. Ескерту. 103-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.			
104-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға кәсіптік білім беру және оларды кәсіптік даярлау			
1.	Түзеу мекемелерінде кәсібі (мамандығы) жок сотталғандарды сол мекемеде немесе босанған соң сотталушы жұмыс істей алатын техникалық және кәсіптік білім беру немесе кәсіптік даярлау жүзеге асырылады.		

2. Жұмыс істеуге тілек білдірген I және II топтағы мүгедектер, 60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдер кәсіптік даярлауға тартылуы мүмкін.
3. Сотталғандардың кәсіптік білім алу мен кәсіптік даярлауға көзқарасы олардың тузелу дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі.
4. Сотталған адамдарға кәсіптік білім беруді және оларды кәсіптік даярлауды ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 104-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 244, 2007.07.27. N 320 (колданыска енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Заңдарымен.

15-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ТӘРБИЕЛІК ҮҚПАЛ ЕТУ

105-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысы

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысы оларды түзеуге, сотталғандардың қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға ұмытылысын, енбекке адаптациясын қалыптастыруға, заңдардың талаптарын және қоғамда қабылданған басқа да мінезд-құлық ережелерін сақтауға, сотталғандардың білімін, олардың білім және мәдени деңгейін арттыруға және одан әрі дамытуға бағытталған .
2. Сотталғандардың жүргізілген тәрбие шараларына қатысуы олардың тузелу дәрежесін анықтау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын колдану кезінде ескеріледі.
3. Түзеу мекемесінің күн тәртібінде сотталғандардың қатысуы міндетті тәрбие шаралары көзделуі мүмкін.
4. Сотталған адамдармен тәрбие жұмысы түзеу мекемесінің түрі, жазалау мерзімі, ұстасу жағдайлары, олардың жеке басының дара ерекшеліктері және олардың жасаған қылмыстарының мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен сарапап жүргізіледі .

Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Заңдарымен.

106-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, нысандары мен әдістері

1. Түзеу мекемелерінде адамгершілік, құқыктық, еңбек, дене тәрбиесі, сондай-ақ оның сотталғандарды түзеу мақсатына жетуге жағдай тудыратын басқа түрлері жүргізіледі.
2. Сотталған адамдармен тәрбие жұмысы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде дара, топтық және жаппай нысандарда ұйымдастырылады .

Ескерту. 106-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Заңдарымен.

107-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары

1. Сотталғандардың өзін-өзі басқару элементтерін дамыту мақсатында түзеу мекемелерінде сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары ерікті негізде құрылады, олар түзеу мекемелері әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейді.
2. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарына қатысуы тузелу дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі .
3. Өздігінен қызмет ету ұйымдарының міндеттері мыналар болып табылады: қоғамға пайдалы бастамаларды ынталандыру және сотталғандардың тузелуіне үқпал жасау; енбекті, тұрмысты және бос уақытты ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу; тәртіп пен реттілікті қолдауда әкімшілікке жәрдемдесу, сотталғандар арасында салауатты өзара қатынасты қалыптастыру; сотталғандарға және олардың туған-туысқандарына әлеуметтік көмек көрсету.
4. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының мүшелері косымша женелдіктер мен артықшылықтарды пайдаланбайды. Өздігінен қызмет ету ұйымдары мен олардың мүшелері түзеу мекемесі әкімшілігінің өкілеттіктеріне ие бола алмайды.
5. Сотталған адамдардың өздігінен қызмет ету ұйымдарын құру мен олардың жұмысының тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқынрайдай.
6. Түзеу мекемелерінде өзін жақсы көрсеткен сотталғандардың арасынан мекеме ұжымдары мен

топтарының кеңестері құрылады. Түзөу мекемелерінде қызметі жазаны аткарудың мақсатына, тәртібі мен ережелеріне қайши келмесе, сottалғандардың өзге де өздігінен қызмет ету үйімдары құрылуы мүмкін.
7. Тұрмелерде және камералық үлгідегі үй-жайларда ұсталатын сottалғандар арасында өздігінен қызмет ету

үйімдары

құрылмайды.

Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2001.07.16 N 244, 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

108-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алын үйімдастыру

1. Түзөу мекемелерінде 30 жасқа толмаган сottалғандардың міндепті бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алыны үйімдастырылады.

2. Отыз жастан асқан сottалғандар мен I және II топтағы мүгедектер бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады.

3. Емтихан тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады.

4. Сottалғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға ұмтылышы көтермеленеді және олардың түзелу дәрежесін анықтау кезінде ескеріледі.

5. Өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеуіш сottалғандар бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуға тартылмайды. Оларға өздігінен білімін көтеру үшін жазаны өтеудің тәртібі мен ережелеріне қайши келмейтін жағдайлар жасалады.

6. Мектептердің педагогикалық ұйымдары тәрбие жұмысында түзөу мекемесінің әкімшілігіне көмек көрсетеді.

7. Сottалған адамдардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алын үйімдастыру білім беру саласындағы уәкілдепті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілдепті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 108-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2001.07.16 N 244, 2007.07.27. N 320 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

109-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандарға қолданылатын көтермелөу шаралары

1. Сottалғандарға жақсы мінезд-құлқы, енбекке, оқуга адап қараганы, өзіне-өзі қызмет ету үйімдарының жұмысына және тәрбие шараларына белсene қатысқаны үшін мынадай көтермелөу шаралары қолданылуы мүмкін:

алғыс жариялау;

сыйлықпен марарапттау;

сыйакы береу;

косымша посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат беру;

косымша қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат беру;

жүкті әйелдерді, жанында балалары бар әйелдерді, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер мен емдеу түзөу мекемелерінде ұсталатын сottалған адамдарды коспағанда, мереке күндері тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада косымша

ақша жұмсауға рұқсат беру;

бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастау.

2. Колония-қоныстарда жазасын өтеуші сottалғандарға, осы баптың 1-тармағында аталған көтермелөу шараларынан басқа, демалыс және мереке күндерін колония-қоныстың шегінен тыс жерде өткізуге рұқсат беру түрінде көтермелөу шарасы қолданылуы мүмкін.

3. Жақсы мінездемелі сottалғандарға осы Кодекстің 73-бабының 2-тармағында және 82-бабының 4-тармағында көзделген шаралар да қолданылуы мүмкін.

4. Құқық бұзбайтын мінезд-құлқы, енбекке (окуға) адап қараганы, көркемөнерпаздар үйімдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, жәбірленушінің денсаулығы мен мүлкіне, мемлекетке келтірген залалды өтеу жөнінде шаралар қолданғаны үшін, сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін сottалған адамдарды сот жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы, сондай-ақ жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыруға ұсынуы мүмкін.

5. Жақсы мінездемелі сottалғандар жөнінде кешірім жасау туралы өтініш қозғалуы мүмкін.

Ескерту. 109-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

110-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандарға көтермелеу шараларын қолдану тәртібі

1. Алғыс түріндегі көтермелеу ауызша немесе жазбаша, қалған көтермелеу - тек жазбаша колданылады.
 2. Сottalғандарға көтермелеу ретінде жыл ішінде қосымша төрт посылкаға немесе сәлемдемеге дейін алуға рұқсат етілуі және қосымша төрт қысқа мерзімді немесе ұзак кездесулер берілуі мүмкін.
 3. Бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алуға осы Кодекстің 111-бабының 1-тармағында аталған жазаларды өтей бастаған күнінен үш айдан ерте жол берілмейді. Бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған сottalған адамдарға қолданылмайды.
- Ескерту. 110-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

111-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандарға қолданылатын жазалау шаралары

1. Сottalғандарға жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзганы үшін мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

ескертү н е м е с е с ө г i c ;
екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде тәртіптік айыппұл; түзеу колонияларында немесе түрмелерде ұсталатын сottalғандарды он бес тәулікке дейінгі мерзімге айптылық оқшаулау орнына шығару; жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларында ұсталатын, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы сottalған еркектерді камералық үлгідегі үй-жайларға, ал қатаң режимдегі колонияларда - алты айға дейінгі мерзімге жалғыз адамдық камераларға ауыстыру; жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы сottalған әйелдерді үш айға дейінгі мерзімге камералық үлгідегі үй-жайларға ауыстыру.

2. Бас бостандығынан айыруды колония-қоныстарда өтеуші сottalғандарға жатақханалардан тыс түру құқығының қүшін жою және жұмыстан бос уақытта отыз күнге дейін мерзімге жатақхана шегінен шығуға тырым салу түріндегі жаза қолданылуы мүмкін.

3. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар болып табылатын сottalғандарға осы Кодекстің 73-бабының 4-тармағында және 82-бабының 4-тармағында көзделген шаралар да колданылуы мүмкін.

112-бап. Бас бостандығынан айыруға сottalғандардың жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзуы

1. Сottalған адамның еңбекақы төленбейтін жұмыстан негізсіз бас тартуы; алкогольді, есірткілерді, басқа да есенгіреттін заттарды пайдалануы; ұсақ бұзакылық; түзеу мекемесі әкімшілігінің өкілдерін корқытуы немесе оларды қорлауы не оларға бағынбауы, соның ішінде өзіне қандай да бір қасақана жарақат салумен ұштасқан оларға бағынбауы; түзеу мекемелерінде пайдалануға рұқсат етілмеген нәрселерді жалтаруы; сақтауы немесе беруі (алуы); құмар ойындарға қатысуы; сот тағайындаған міндетті емделуден жалтаруы; емдеу-профилактикалық мекемесінің ішкі тәртіп ережелерін бұзуы; ереуілдер немесе өзге де топтасып бағынбауларды ұйымдастыруы, сол сияқты оларға белсene қатысуы; жыныстық сипаттағы лайықсыз іс-әрекеттерді жасауы; осы бапта көрсетілген бұзушылықтарды жасауға бағытталған сottalған адамдар топтарын ұйымдастыруы немесе оларға белсene қатысуы бас бостандығынан айыруға сottalған адамдардың жазаны өтеудің белгіленген тәртібін әдейі бұзуы болып табылады.
2. Алты ай ішінде айыптық, тәртіптік оқшаулау орнына, камералық үлгідегі үй-жайларға не жалғыз адамдық камерага шығару түріндегі жазаға тартылған сottalушының жазаны өтеудің белгіленген тәртібін өзге қайталап бұзушылығы қасақана бұзушылық деп танылуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармактарында аталған бұзушылықтарды жасаған сottalушы өзіне осы Кодекстің 111-бабының 1-тармағында және 132-бабында көзделген сottalған адамдарды айып изоляторына, тәртіп изоляторына орналастыру не сottalған еркектерді камералық үлгідегі үй-жайларға немесе жалғыз адамдық камераларға көшіру, сottalған әйелдерді камералық үлгідегі үй-жайларға көшіру сияқты жазалау шаралары тағайындалған жағдайда жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танылады.
4. Сottalушы түзеу мекемесі бастығының қаулысымен, айып салумен бірге тағайындалған жазаны өтеудің тәртібін қасақана бұзушы деп танылады.

Ескерту. 112-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.12.21 N 363, 2007.03.26 N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараныз) Зандарымен.

113-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандарға жазалау шараларын қолдану тәртібі

1. Бас бостандығынан айыруға сottалғандарға жазалау шараларын қолдану кезінде тәртіп бұзуды жасаудың мән-жайы, сottалушының жеке басы және бүрынғы мінез-құлқы ескеріледі. Қолданылатын жаза әрекеттің ауырлығы мен сипатына сәйкес болуга тиіс. Жаза әрекет анықталған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал тексеру жүргізілген болса - оның аяқталған күннен бастап, бірақ әрекет жасалған күннен үш айдан кешіктірілмей қолданылады. Жаза әдette, дереу орындалады және тек ерекше жағдайларда ғана - оны қолданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей орындалады. Бір тәртіп бұзушылық үшін бірнеше жаза қолдануға тыым салынады.
2. Ескерту немесе сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша, ал қалған жазалар - тек жазбаша қолданылады. Жаза түзеу мекемесі бастығының немесе оның орнындағы адамның қаулысымен қ о л д а н ы л а д ы .
3. Тәртіптік айыппұл түріндегі жаза осы Кодекстің 112-бабының 1-тармағында келтірілген жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін ғана қолданылады. Қаулы сottалушыға қол қойдырылып жарияланады. Айыппұлдың өндіріп алғынған сомасы республикалық бюджетке аударылады.
4. Сottалушыны камералық үлгідегі үй-жайға және жалғыз адамдық камераға көшіру онда ұстаудың мерзімі көрсетіліп жүргізіледі. Сottалған адамдарды айып изоляторына, тәртіп изоляторына орналастыру не камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераларға ауыстыру оларды айып, тәртіп изоляторында, камералық үлгідегі үй-жайда немесе жалғыз адамдық камерада ұстau мүмкіндігіне жасалған медициналық куәландырудан кейін жүргізіледі.
5. Камералық үлгідегі үй-жайға көшірілген сottалушыға камералық үлгідегі үй-жайға көшіруден басқа жазаның барлық шаралары қолданылуы мүмкін.
6. Колонияның балалар үйінде емізуі балалары бар әйелдер, жүктілігі және тууы бойынша жұмыстан босатылған әйелдер айыптық оқшаулау орнына және камералық үлгідегі үй-жайларға көшірілмейді.
7. Егер сottалушы тәртіптік жазаны өтеу күннен бастап алты ай ішінде жаңа жазаға тартылмайтын болса, ол жазасы жоқ деп саналады, ал жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасакана бұзушы деп танылған сottалған адам олай деп саналмайды.

Ескерту. 113-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363, 2007.03.26. N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

114-бап. Бас бостандығынан айыруға сottалғандарды айыптық оқшаулау орындарында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камераларда ұстau ережелері

1. Айыптық оқшаулау орнына көшірілген бас бостандығынан айыруға сottалғандарға кездесуге, телефон арқылы сөйлесуге, тамақ өнімдерін сатып алуына, посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдар алуға тыым салынады. Олардың күн сайын ұзақтығы бір сағат сейілдеуге құқығы бар.
2. Жазалау тәртібімен камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераларға көшірілген сottалғандардың:

ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға бас бостандығын өтеу кезеңінде тапқан қаражатынан төрт айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде жұмсауга; алты ай ішінде бір посылка немесе сәлемдеме мен бір бандероль алуға; ұзақтығы бір жарым сағаттық күн сайынғы сейілдеуді пайдалануға; қажетті медициналық көмек алуға;

түзеу мекемесі әкімшілігінің рұқсатымен алты айдың ішінде бір қысқа мерзімді кездесуге құқығы бар.

3. Айыптық оқшаулау орнына шығарылған, камералық үлгідегі үй-жайға немесе жалғыз адамдық камераларға көшірілген сottалғандар басқа сottалғандардан бөлек жұмыс істейді.

4. Сottалғандар айыптық оқшаулау орындарынан, камералық үлгідегі үй-жайлардан немесе жалғыз адамдық камералардан қылмыстық атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелеріне, сондай-ақ денсаулық сактау органдарының емдеу-профилактикалық мекемелеріне көшірілген жағдайда олардың аталған емдеу мекемелерінде болу мерзімі жазаның өтеу мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 114-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

115-бап. Түзеу мекемелерінің бас бостандығынан айыруға сottалғандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолданатын лауазымды адамдары

1. Осы Кодекстің 109 және 111-баптарында атап өтілген көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын түзеу мекемелерінің бастықтары немесе олардың орнындағы адамдар пайдаланады.
2. Топ бастықтарының мынадай көтермелеу шараларын қолдануға құқығы бар:

а л ф ы с ж а р и я л а у ;
жылына қосымша бір посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат ету;
тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға қосымша акша жұмсауға рұқсат ету;
топ бастығының бұрын қолданған жазасын мерзімінен бұрын алу.
3. Топ бастықтарының мынадай жазалау шараларын қолдануға күкіғи бар:
ескертү н е м е с е с ө г і с .

16-тaraу. АЛУАН ТҮРЛІ ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАЗАЛАРДЫ АТҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
116-бап. Жалпы режимдегі түзеу колониялары

1. Жалпы режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда осы түзеу мекемесіне келген сottalғандар, сондай-ақ жазасын өтеудің қатаң және женілдетілген жағдайларынан көшірілген сottalғандар жазасын өтеиді.
2. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты айын өтегені бойынша еңбекке адаптаған жағдайда сottalушы женілдетілген жағдайлар жағдайларда көшірілуі мүмкін.
3. Өзінің түзелгенін дәлелдеген және тағайындалған жаза мерзімінің жартысын женілдетілген жағдайларда кемінде үш айын өтеген сottalғандар женілдікті жағдайларға көшірілуі мүмкін.
4. Дағдылы, женілдетілген және женілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сottalған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Женілдетілген және женілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сottalған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайлар жағдайларда көшіріледі.
5. Бас бостандығынан айыру орындарында әдейі жасаған қылмысы үшін сottalған адамдар да бастапқы кезеңде қатаң жағдайларда үсталады.
6. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына көшіру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған кезде алты айдан ерте жүргізілмейді.
7. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына, дағдылы жағдайларынан женілдетілген және женілдікті жағдайларына қайта көшіру осы баптың 2, 3 және 6-тармактарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.
8. Жалпы режимдегі басқа түзеу колониясынан ауыстырылған сottalғандар жазасын өздеріне ауыстырылғанға дейін белгіленген жағдайларда өтейді.
- Ескерту. 116-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363, 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қаранды) Заңдарымен.**

117-бап. Жалпы режимдегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің жағдайлары

1. Жазасын жалпы режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй-жайларда тұрады. Оларға: тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын төрт айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде төрт қысқа мерзімді және төрт ұзақ уақыт кездесуге; жыл ішінде алты посылка немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға рұқсат етіледі.
2. Жазасын женілдетілген жағдайларда өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй-жайларда тұрады. Оларға: тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын сегіз есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде алты қысқа мерзімді және алты ұзақ уақыт кездесуге; жыл ішінде он екі посылка немесе сәлемдеме және он екі бандероль алуға рұқсат етіледі.
3. Жазасын женілдікті жағдайларда өтеуші сottalғандарға бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделуі максатында түзеу колониясы бастығының қаулысымен түзеу колониясы шегінен тыс кадағалауда арнаулы жатақханаларда тұруға рұқсат етіледі. Олар түзеу мекемесіне іргелес аумактар шекаралары шегінде еркін жүріп-тұра алады, туған-туыстарымен кездесу күкіктары шектелмейді.
4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеуші сottalғандар жабық үй-жайларда тұрады. Оларға: тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға ай сайын бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде тапқан қаражатынғана жұмсауға; жыл ішінде екі қысқа мерзімді және екі ұзақ уақыт кездесуге; жыл ішінде үш посылка немесе сәлемдеме және үш бандероль алуға; ұзақтығы бір жарым сағаттық күн сайынғы сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 117-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363, 2007.03.26. N 240 (коданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қаранды) Заңдарымен.

118-бап. Қатаң режимдегі түзеу колониялары

1. Қатаң режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда осы түзеу мекемесіне келген сottalғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң және женілдетілген жағдайларынан көшірілген сottalғандар жазасын өтейді.
2. Сottalғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде тоғыз айын өтеу бойынша еңбекке адал қараган жағдайда женілдетілген жағдайларға көшірілуі мүмкін.
3. Өзінің түзелгенін дәлелдеген және тағайындаған жаза мерзімінің үштен екісі мен кемінде үш айын женілдетілген жағдайларда өтеген сottalғандар женілдікті жағдайларға көшірілуі мүмкін.
4. Дағдылы, женілдетілген және женілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сottalған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Женілдетілген және женілдікті жағдайларда жазасын өтеуші сottalған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайға көшіріледі.
5. Бас бостандығынан айыру орындарында әдейі жасаған қылмыстары үшін сottalған адамдар да бастапқы кезеңде қатаң жағдайларда үсталады.
6. Ұстаудың қатаң жағдайларын дағдылы жағдайларға көшіру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалары болмаған кезде тоғыз айдан ерте жүргізілмейді.
7. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына немесе дағдылы жағдайларынан женілдетілген және женілдікті жағдайларына көшіру осы баптың 2, 3 және 6-тармақтарында белгіленген тәртіп пеп жүргізіледі.
8. Қатаң режимдегі басқа түзеу колониясынан ауыстырылған сottalғандар жазаларын өздеріне көшірілгенге дейін белгіленген жағдайларда өтейді.

Ескерту. 118-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363 Заңымен.

119-бап. Қатаң режимдегі түзеу колонияларындағы жазаны өтеудің жағдайлары

1. Қатаң режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда жазасын өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй-жайларда тұрады. Оларға: тاماқ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауга; жыл ішінде үш қысқа мерзімді және үш ұзак уақыт кездесуге; жыл ішінде төрт посылка немесе сәлемдеме және төрт бандероль алуға рұқсат етіледі.
2. Жазасын женілдетілген жағдайларда өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй - жаиларда тұрады. Оларға: тاماқ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын жеті айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауга; жыл ішінде төрт қысқа мерзімді және төрт ұзак уақыт кездесуге; жыл ішінде алты посылка немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға рұқсат етіледі.
3. Жазасын женілдікті жағдайларда өтеуші сottalғандарға түзеу колониясы бастығының қаулысымен түзеу колониясының шегінен тыс жерде қадағалауда арнаулы жатақханаларда тұруға рұқсат етіледі. Олар түзеу мекемесіне іргелес аумақтар шекаралары шегінде еркін жүріп-тұра алады, туған-туысқандарымен кездесу құқығы шектелмейді.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеуші сottalғандар жабылатын үй-жайларда тұрады. Оларға: тاماқ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға ай сайын бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде еңбекпен тапқан қаражатын ғана жұмсауга; жыл ішінде екі қысқа мерзімді және бір ұзак уақыт кездесуге; жыл ішінде екі посылка немесе сәлемдеме және екі бандероль алуға; ұзактығы бір жарым сағат күн сайынғы сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 119-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (коданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қаранды) Заңымен.

120-бап. Айрықша режимдегі түзеу колониялары

1. Айрықша режимдегі түзеу колонияларындағы дағдылы жағдайларда осы түзеу мекемесіне келген сottalғандар, сондай-ақ қатаң және женілдетілген жағдайлардан көшірілген сottalғандар жазасын өтейді.
2. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған, еңбекке адал қараган жағдайда

дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде бір жылын өтеуі бойынша сottалғандар женілдетілген жағдайларға көшірілуі мұмкін.

3. Дағдылы және женілдетілген жағдайларда жазасын өтеуші сottалған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар қатаң жағдайға көшірілуі мүмкін. Женілдетілген жағдайда жазасын өтеуші сottалған адамдар - жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар дағдылы жағдайға көшіріледі.

< * >

4. Бас бостандығынан айыру орындарында әдейі жасаған қылмыстары үшін сottалған адамдар мен аса ауыр қылмыстары үшін сottалғандар бастапқы кезеңде қатаң жағдайларда ұсталады.

5. Катаң жағдайлардан дағдылы жағдайларға көшіру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған жағдайда бір жылдан ерте жүргізілмейді.

6. Жазаны өтеудің катаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына немесе дағдылы жағдайларынан женілдетілген жағдайларына қайта көшіру осы баптың 2 және 5-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

7. Жалпы режимдегі басқа түзеу колониясынан ауыстырылған сottалғандар жазасын өздеріне ауыстырылғанда дейін белгіленген жағдайларда өтейді.

Ескерту. 120-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363 Занымен.

121-бап. Ерекше режимдегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің жағдайлары

1. Ерекше режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда жазасын өтеуші сottалғандар жатақханаларда немесе құлышпatalатын үй-жайларда тұрады. Оларға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауга; жыл ішінде екі қысқа мерзімді және екі ұзак үақыт кездесуге; жыл ішінде үш посылка немесе сәлемдеме және үш бандероль алуға рұқсат етіледі.

2. Ұстаудың женілдетілген жағдайларында жазасын өтеуші сottалғандар жатақханаларда немесе құлышпatalатын үй-жайларда тұрады. Оларға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауга; жыл ішінде үш қысқа мерзімді және үш ұзак үақыт кездесуге; жыл ішінде төрт посылка немесе сәлемдеме және төрт бандероль алуға рұқсат етіледі.

3. Ұстаудың қатаң жағдайларында жазасын өтеуші сottалғандар камералық үлгідегі үй-жайларда тұрады. Оларға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға бас бостандығынан айыруды өтеу кезеңінде тапқан қаражатын ай сайын жұмсауга; жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге; жыл ішінде бір посылка немесе сәлемдеме және бір бандероль алуға; ұзактығы бір жарым сағаттық күн сайын сейілдеуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 121-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

122-бап. Өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеуші сottалғандарға арналған ерекше режимдегі түзеу колониялары

Ерекше режимдегі түзеу колонияларында өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottалғандар, сондай-ақ кешірім жасау тәртібімен өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылып сottалғандар жазасын басқа сottалғандардан бөлек өтейді.

123-бап. Өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеуші сottалғандарға арналған ерекше режимдегі түзеу колонияларында бас бостандығынан айыруды өтеудің жағдайлары

1. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottалғандар, әдетте, камераларға екі адамнан артық орналастырылмайды. Сottалғандардың өтінішімен және өзге де қажетті жағдайларда түзеу колониясы бастығының қаулысы бойынша сottалғандардың жеке басының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда олар жалғыз адамдық камераларда ұсталуы мүмкін. Аталған сottалғандардың еңбегі сottалғандарды камераларда ұстаудың талаптары ескеріле отырып ұйымдастырылады.

2. Сottалғандардың ұзактығы бір жарым сағаттық күн сайынғы сейілдеуге құқығы бар. Сottалушының мінез-құлқы үлгілі және мүмкіндік болған жағдайда сейілдеу үақыты екі сағатқа дейін арттырылуы мүмкін.

3. Түзеу колониясына келген бойда барлық сottалғандар жазаны өтеудің қатаң жағдайларында

орналастырылады. Жазаны өтеудің катаң жағдайларынан жазаны өтеудің дағдылы жағдайларына көшіру жазаны өтеудің қатаң жағдайларында кемінде он жылын өтеуі бойынша осы Кодекстің 120-бабының 5-тармағында аталған негіздер бойынша жүргізіледі.

4. Сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы жағдайларында кемінде 10 жылын өтеуі бойынша осы Кодекстің 120-бабының 2-тармағында аталған негіздер бойынша женілдетілген жағдайларға көшірілуі мүмкін.

5. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған, жазасын дағдылы және женілдетілген жағдайларда өтеуші сотталғандар жазаны өтеудің катаң жағдайларына көшіріледі. Жазаны өтеудің дағдылы не женілдетілген жағдайларына қайта көшіру осы баптың 3 және 4-тармактарында көздөлген тәртіппен жүргізіледі.

6. Сотталғандардың дағдылы, женілдетілген және қатаң жағдайларда жазаны өтеудің тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға қаржат жұмсауына, кездесулердің саны мен түріне, посылкалардың, сәлемдемелер мен бандерольдардың санына қатысты бөлігіндегі тәртібі осы Кодекстің 121-бабымен белгіленеді.

124-бап. Колония-қоныстар

1. Абайсызда жасаған қылмыстары үшін сотталған адамдар және қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар колония-қоныстарда жазасын өтейді; жақсы мінездемелі сотталғандарға арналған колония-қоныстарда осы Кодекстің 73-бабында көзделген тәртіппен жалпы және қатаң режимдердегі колониялардан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

2. Колония-қоныстардың екі түрінде де дәл сол жағдайларда бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын өтейді.

3. Сотталған еркектер мен сотталған әйелдер бір колония-қоныста ұсталуы мүмкін. Қатысып қылмыс жасап сотталғандар бас бостандығынан айыруды, әдетте, бөлек өтейді.

Ескерту. 124-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан караныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

125-бап. Колония-қоныстарда бас бостандығынан айыруды өтеудің жағдайлары

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар колония-қоныстарда: күзетсіз, бірақ колония-қоныс әкімшілігінің қадағалауында болады; түзеу мекемесінің ішкі тәртібі ережелерімен үйкіға бөлінген уақыттан басқа кезде колония-қоныс аумағы шегінде еркін жүріп-түрү құқығын пайдаланады; колония-қоныс әкімшілігінің рұқсатымен егер олардың орындаітын жұмысының сипаты бойынша не оқуына байланысты қажет болса, түзеу мекемесіне іргелес аумақ шекаралары шегінде қадағалаусыз жүріп-тұра алады; азаматтық киім киіп жүре алады; өзінде ақша мен бағалы заттар ұстай алады; ақшаны шек қоюсыз пайдаланады; посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдар алады; санына шек қоыйлмай көздесе алады;

әдетте өздеріне арналған жатакханаларда тұрады. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуға жол бермеген және отбасы бар сотталғандарға колония-қоныс бастығының қаулысы бойынша түзеу мекемесіне іргелес аумакта, не колония-қоныс орналасқан елді мекен шегінде жалға алған немесе өзінің тұрғын алаңында отбасымен тұруына рұқсат етілуі мүмкін. Аталған сотталғандар тіркелу үшін колония-қонысқа айна төрт ретке дейін келуге міндетті. Тіркелу кезеңі колония-қоныс бастығының қаулысымен белгіленеді. Сотталғандар тұратын тұрғын үй-жайларда колония-қоныс әкімшілігінің өкілі кез келген уақытта бола алады;

сотталушының жеке басын куәландыратын белгіленген үлгідегі құжаты болады. Сотталушының жеке басының куәлігі, төлқұжаты мен басқа да жеке құжаттары олардың жеке істерінде сақталады.

2. Сотталғандарға тізбесі түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген нәрселер мен заттарды колония-қоныс аумағына әкелуге, пайдалануға және сактауга тыйым салынады.

3. Еңбек шартын жасасу мен тоқтатуды және басқа жұмысқа көшіруді қоспағанда, сотталғандардың енбегі Қазақстан Республикасының енбек заңнамасымен реттеледі. Сотталған адаммен еңбек шартын жасасуды, тоқтатуды және оны басқа жұмысқа ауыстыруды жұмыс беруші колония-қоныс әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асыра алады.

3-1. Колония-қоныс әкімшілігі сотталған адамдарды түзеу мекемесінің кәсіпорындарына жұмысқа орналастырады. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда, сотталған адам әкімшіліктің рұқсатымен колония-қоныс шегінен тыс, бірақ колония-қоныс орналасқан тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде орналасқан үйымдарға колония-қоныс әкімшілігі мен жұмыс беруші арасындағы

шарттардың негізінде және сотталған адамдарды тиісінше қадагалауды қамтамасыз ету жағдайында жұмысқа орналастырылуы мүмкін. Сотталған адамдар дара еңбек қызметімен айналыса алады. Колония-коныс әкімшілігі мынадай жағдайларда:

қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының жазбаша нұсқауы бойынша; оны босату кезінде;

төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде;

сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғанда;

жұмыс беруші шарт бойынша міндеттемелерін орындағанда сотталған адамды жұмыс объектісінен шақыртып алуға міндетті.

4. Сотталғандарға колония-коныс орналасқан тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағының шегінде орналасқан жоғары және орта білімнен кейінгі ұйымдарда сырттай окуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 125-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарасты), 2007.05.15. N 253, 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қарасты) Заңдарымен.

126-бап. Тұрмeler

1. Тұрмelerде жаза мерзімінің бір белгін тұрмеде өтеумен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ақ жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге тұрмеге көшірілген сотталғандар, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданылған уақытта өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім күшіне енген адамдар ұсталады. Тұрмelerде сондай-ақ осы Кодекстің 72-бабында көрсетілген негіздер бойынша сондағы сотталғандар ұсталуы мүмкін.

2. Тұрмelerде жалпы және қатаң режимдер белгіленеді.

3. Қатаң режимде осы түзеу мекемесіне келіп түскен сотталғандар мен жалпы режимнен көшірілген сотталғандар ұсталады.

4. Сотталған жүкті әйелдер мен жанында жас балалары бар сотталған әйелдерді, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектер болып табылатын сотталғандарды қатаң режимде ұстауға болмайды.

5. Қатаң режимге жазалау мерзімінің кемінде бір жылын өтеуі бойынша сотталғандар жалпы режимге көшірілу мүмкін.

6. Жалпы режимде жазасын өтеуші, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған сотталғандар қатаң режимге көшіріледі. Жалпы режимге қайта көшіру осы баптың 5-тармағында көзделген тәртіппен жүргізілу мүмкін.

Ескерту. 126-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.03.10. N 529 Заңымен.

127-бап. Тұрмelerде бас бостандығынан айыруды өтеудің жағдайлары

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар тұрмelerде жабылатын жалпы камераларда ұсталады. Сотталғандар қажет болған жағдайларда тұрме бастығының дәлелді қаулысы бойынша және прокурордың келісімімен жалғыз адамдық камераларда ұсталуы мүмкін.

2. Сотталғандарды камералар бойынша орналастыру осы Кодекстің 75-бабында көзделген талаптар сақтала отырып жүргізіледі. Өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданылған уақытта өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім күшіне енген адамдар басқа сотталғандардан оқшау, жалғыз адамдық камераларда ұсталады. Сонымен бірге жалпы және қатаң режимдегі сотталғандар бөлек ұсталады. Бір түзеу мекемесінен екіншісіне ауыстырылған сотталғандар, шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін тұрмеде қалдырылған сотталғандар басқа сотталғандардан оқшау және бөлек ұсталады.

3. Тұрмelerде ұсталатын сотталғандардың сейілдеуі камера бойынша күндізгі уақытта арнайы жабдықталған тұрме ауығы болғаннан ашық ауласында жүргізіледі. Сотталғанның сейілдеуі ол ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Жалпы режимде жазасын өтеуші сотталғандарға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауга; жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге және екі ұзак ұқыт кездесуге; жыл ішінде екі посылка немесе сәлемдеме және екі бандероль алуға; ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі.

5. Жазасын қатаң режимде өтеуші сотталғандарға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде екі қыска мерзімді кездесуге; жыл ішінде бір посылка мен бір бандероль алуға; үзактығы бір сағаттық сейілдеуді пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 127-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.03.10. N 529, 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

17-тaraу. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

128-бап. Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеу тәртібі

1. Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеудің дағдылы, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайлары белгіленеді.

2. Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеудің дағдылы жағдайларына тәрбиелеу колонияларына келген сottalғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң, жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайларынан көшірілген сottalғандар жазасын өтейді.

3. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және еңбек пен окуға адал қараған кезінде сottalғандар :

бас бостандығынан айыру түріндеңі жазаны алғаш рет өтеуші ерек жынысты адамдар, сондай-ақ әйел жынысты сottalған адамдардың барлық санаты - дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде үш айын өтесуі бойынша ;

бұрын бас бостандығынан айыру түріндеңі жазаны өтеген ерек жынысты адамдар - дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты айын өтесін бойынша дағдылы жағдайлардан жеңілдетілген жағдайларға көшірілуі мүмкін .

4. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеуші, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған сottalғандар дағдылы жағдайларға көшірілуі мүмкін. Жеңілдетілген жағдайларға қайта көшіру осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеуші сottalғандар шартты-мерзімінен бұрын босатылуға әзірленуі үшін жеңілдікті жағдайларға көшіріледі.

6. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеуші сottalғандар жеңілдетілген немесе дағдылы жағдайларға көшірілуі мүмкін. Жеңілдікті жағдайларға қайта көшіру жеңілдетілген жағдайларға оралғаннан кейін алты айдан ерте жүргізілмейді .

7. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылар деп танылған сottalғандар дағдылы және жеңілдетілген жағдайлардан үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қатаң жағдайларға көшірілуі мүмкін.

8. Бас бостандығынан айыру орындарында әдайі жасаған қылымыстары үшін сottalғандар жазаның алғашқы алты айын қатаң жағдайларда өтейді, бұдан соң жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған кезде олар дағдылы жағдайларға көшіріледі.

9. Сottalғандарды жазаны өтеудің бір жағдайынан екіншісіне көшіруді колонияның оку-тәрбие кенесінің ұсынуы бойынша колония бастығы жүргізеді, бұған топ тәрбиешілері кенесінің ұсынуы бойынша жүргізілетін дағдылы жағдайдан жеңілдетілген жағдайға көшіру қосылмайды.

129-бап. Тәрбиелеу колонияларында жазаны өтеудің жағдайлары

1. Жазасын дағдылы жағдайларда өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй-жайларда тұраады . Оларға :

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын жеті айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде сегіз қыска мерзімді және төрт үзак уақыт кездесуге; жыл ішінде он посылка немесе сәлемдеме және он бандероль алуға рұқсат етіледі.

2. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеуші сottalғандар жатақханаларда немесе құлыпталатын үй-жайларда тұраады . Оларға :

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын он екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде он бес қыска мерзімді және алты үзак уақыт кездесуге рұқсат етіледі. Тәрбиелеу колониясы әкімшілігінің рұқсаты бойынша үзак уақыт кездесулерді тәрбиелеу колониясынан тыс жерде өткізуге болады ;

жыл ішінде он төрт посылка немесе сәлемдеме және он төрт бандероль алуға рұқсат етіледі.
3. Жазасын женелдікті жағдайларда өтеуші сотталғандар әдетте күзетсіз, бірақ қадағаланып, тәрбиелеу колонияларынан тыс жерлерде жаксартылған тұрғын үй-жайларда тұрады. Оларға: тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға жеке шоттарындағы қаражатты шектеусіз

жұмсауға;

ақшаны пайдалануға; посылкаларды, сәлемдемелер мен бандерольдарды шектеусіз алуға; шектеусіз қысқа мерзімді кездесулерге, сондай-ақ жыл ішінде колониядан тыс тұрып алты ұзак уақыт кездесуғе;

азаматтық үлгідегі киім мен аяқ киімді пайдалануға рұқсат етіледі.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеуші сотталғандар окудан немесе жұмыстан бос уақытында жабылатын оқшауланған тұрғын үй-жайларда тұрады. Оларға:

тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға өздерінің жеке шоттарындағы қаражаттан ай сайын төрт айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға; жыл ішінде алты қысқа мерзімді және екі ұзак уақыт кездесуғе; жыл ішінде алты посылка немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға рұқсат етіледі.
Ескерту. 129-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

130-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелеу колонияларында қолданылатын көтермелеб шаралары

Жақсы мінез-құлқы, оқу мен еңбекке адал қарағаны, өздігінен қызмет ету ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік шараларға белсene қатысқаны үшін осы Кодекстің 109-бабында көзделгендермен қатар сотталғандарға мынадай көтермелеб шаралары қолданылады:
колония қызметкерлері ертіп жүріп, тәрбиелеу колониясынан тыс жердегі мәдени ойын-сауық және спорт шараларына бару құқығын беру; ата-аналары немесе басқа жақын туыстары ертіп жүріп, колониядан тыс жерге шығу құқығын беру; тәртіптік оқшаулау орнынан мерзімінен бұрын босату.

131-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелеу колонияларында көтермелеб шараларын қолданудың ерекшеліктері

1. Көтермелеб ретінде колония қызметкерлері ертіп жүріп, тәрбиелеу колониясынан тыс жердегі мәдени ойын-сауық және спорт шараларына бару немесе ата-аналары немесе басқа жақын туыстары ертіп жүріп, колониядан тыс жерге шығу құқығы берілген сотталғандарға өздеріне тиесілі азаматтық үлгідегі киім баріледі.
2. Көтермелеб ретінде түнгі уақытта өткізілетін мәдени ойын-сауық, спорт және өзге де шараларға баруға жоғалғанда бару құқығын берілмейді.
3. Колониядан тыс жерге шығудың ұзақтығын колонияның бастығы белгілейді, бірақ бұл сегіз сағаттан аспауы керек.

132-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелеу колонияларында қолданылатын жазалау шаралары

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін сотталғандарға осы Кодекстің 111-бабында көзделгендермен қатар мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: бір ай бойы кинофильмдер көру құқығынан айыру; окуға шығарып, жеті тәулікке дейінгі мерзімге тәртіптік оқшаулау орнына орналастыру.

133-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелеу колонияларында жазалау шараларын қолданудың тәртібі

1. Тәртіптік оқшаулау орнына шығарылған сотталғандарға ұзак уақыт кездесулерге, телефон арқылы сөйлесуге, тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға, посылкалар, сәлемдемелер мен бандерольдар алуға, стол ойындарын пайдалануға және темекі тартуға тыйым салынады. Олар ұзақтығы екі сағаттық күн сайнғы сейілдеуді пайдалануға құқылы.
2. Тәртіптік оқшаулау орнына шығарылған сотталғандарға тәртіптік оқшаулау орнынан шығарудан басқа барлық жазалау шараларын қолдануға болады.
3. Сотталушыны тәртіптік оқшаулау орнынан мерзімінен бұрын босатуды көтермелеб шарасы ретінде осы жазалауды қолданған адам шешеді, сондай-ақ медициналық көрсеткіштер бойынша шешіледі.

134-бап. Сотталғандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолданушы тәрбиелеу колониясының лауазымды адамдары

1. Көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын тәрбиелеу колониясының бастығы немесе оның орнындағы адам толық көлемінде пайдаланады.
2. Топтардың бастықтары мынадай көтермелеу шараларын қолдануға құқылы:
а л ф ы с ж а р и я л а у ;
тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға қосымша ақша жұмсауға рұқсат ету;
топ бастығының бұрын қолданған жазасын мерзімінен бұрын алу.
3. Бөлімшелердің тәрбиешілері мынадай көтермелеу шараларын қолдануға құқылы:
а л ф ы с ж а р и я л а у ;
бөлімше тәрбиешісінің бұрын қолданған жазасын мерзімінен бұрын алу.
4. Топтардың бастықтары мынадай жазалау шараларын қолдануға құқылы:
е ск е р т у н е м е с е с ө г і с ;
бір ай бойы кинофильмдер көру құқығынан айыру.
5. Бөлімшелердің тәрбиешілері мынадай жазалау шараларын қолдануға құқылы:
е ск е р т у н е м е с е с ө г і с .

Ескерту. 134-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.03.26. N 240 (колданыска енгізу тәртібін 2-баптан қараныз) Занымен.

135-бап. Қемелетке толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды тәрбиелеу колонияларында қалдыру

1. 18 жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар, әдетте, тәрбиелеу колонияларында қалдырылады, бірақ олар әрі дегенде 20 жасқа толғанға дейін болады.
2. 18 жасқа толған және тәрбиелеу колонияларында қалдырылған сотталғандарға сотталған қемелетке толмағандар үшін жазаны өтеудің жағдайлары, тамактандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары қолданылады. 18 жасқа толған адамдардың еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.
3. 18 жасқа толған сотталғандарды тәрбиелеу колониясында қалдыруды колония бастығының ұсынысы бойынша сот жүргізеді.

136-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды тәрбиелеу колонияларынан түзеу колонияларына ауыстыру

1. 18 жасқа толған, өзін теріс жағынан көрсеткен сотталғандар жазаларын одан әрі өтеу үшін тәрбиелеу колониясынан жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылуы мүмкін.
2. 18 жасқа толған сотталушыны түзеу колониясына ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен сот қабылдайды.
3. 20 жасқа толған барлық сотталғандар жазаларын одан әрі өтеу үшін тәрбиелеу колониясы бастығының қаулысымен тәрбиелеу колониясынан жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырылады.

137-бап. Оқу-тәrbie процесін ұйымдастыру

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды түзеу және оларды өз бетінше өмір сүрге даярлау мақсатында сотталғандардың бойында заңды бұзбау мінезд-құлқын, еңбек пен окуға адал қарауды қалыптастыруға, кәсіптік даярлауға, білімі мен мәдени деңгейін көтеруге бағытталған бірыңғай оқу-тәrbie процесі үйымдастырылады.
 2. Тәrbie жұмысы әрбір сотталушының жеке басының дара ерекшеліктері мен бостандықта өмірге ойдағыдай үйренісіүі ескеріле отырып жүргізіледі.
 3. Сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуы мен кәсіптік даярлануы тәрбиелеу колониясының кешкі мектептері мен кәсіпорындары негізінде жүзеге асырылады.
- Ескерту. 137-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (колданыска енгізу тәртібін 2-баптан қараныз)**

138-бап. Тәрбиелеу колонияларының жұмысына қоғамдық бірлестіктердің қатысуы

1. Оқу-тәrbie процесін ұйымдастыру және мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту ісіне, сотталғандарды әлеуметтік корғай, босатылатындарды енбекке және тұрмыста жайғастыру мәселелерін шешуде колония әкімшілігіне көмек көрсету үшін тәрбиелеу колониясының жынынан мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың өкілдерінен қамкоршылық кеңесі құрылады. Қамкоршылық кеңесін ұйымдастыру мен оның қызметі Қазақстан Республикасының Укіметі бекітетін ережемен регламенттеледі.

2. Сотталғандарга тәрбие ықпалының тиімділігін арттыру және колония экімшілігіне көмек көрсету мақсатында тәрбиелу колониясында топтардың жанынан сотталғандардың ата-аналары мен басқа да жақын туыстарынан ата-аналар комитетті құрылуы мүмкін. Ата-аналар комитеттерінің қызметі тәрбиелу колониясының бастығы бекітетін ережемен реттеледі.

5 БӨЛІМ. СОТТАЛҒАН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ШЕКТЕУ, ГАУПТВАХТАДА ҰСТАУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАЛАРДЫ А Т Қ А Р У

Ескерту. 5-бөлімнің тақырыбына өзгерту енгізілді - КР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашкы реесми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-тaraу. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ШЕКТЕУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУ

139-бап. Әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаны атқарудың тәртібі мен ережелері

1. Соттың үкіміне сәйкес әскери бөлімнің командирі соттан үкімнің көшірмесі мен оны атқару туралы екім келіп түскен соң үш күннен кешіктірмей бұйрық шығарады, онда сотталған әскери қызметші қандай негізде және қандай мерзім ішінде лауазымды өсіруге және әскери атақ беруге ұсынылмайтыны, кезекті әскери атақ беру үшін енбек сінірген жылдарына қандай мерзім есептелмейтіні түсіндірледі. Сонымен бірге сот үкіміне сәйкес сотталған әскери қызметшінің ақшалай үлесінен әскери қызмет бойынша шектеуді етеу кезеңінде тиісті бюджетке қандай мөлшер ұсталып қалатыны көрсетіледі. Бұйрық әскери бөлімде жарияланады, сотталған әскери қызметшінің назарына жеткізіледі және атқаруға қабылданады.

2. Үкімнің келіп түскені туралы, тиісті бұйрықтың шығарылғаны туралы және оның атқаруға қабылданғаны туралы әскери бөлімнің командирі үкімді шығарған сотқа үш күн мерзімде хабарлайды. Бұйрықтың көшірмесі сотқа жіберіледі.

140-бап. Сотталған әскери қызметшінің ақшалай үлесінен ұстап қалу

Сотталған әскери қызметшінің ақшалай үлесінен соттың үкімімен белгіленген ұстап қалу лауазымдық айлықақысынан, әскери атагы бойынша үстемеақысынан, ай сайынғы және өзге үстемеақылары мен басқа да косымша ақша төлемдерінен есептеледі.

141-бап. Сотталған әскери қызметшінің қызметтің өзгерту

1. Әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған әскери қызметшінің жазаны атқару тәртібінде соттың үкімімен белгіленген мерзім ішінде лауазымын жоғарылатуға болмайды.

2. Егер жасаған қылмысының сипаты мен өзге де мән-жайлар ескеріле отырып, сотталған әскери қызметшіні бағыныштыларға басшылық етуге байланысты қызметтө қалдыру мүмкін болмаса, ол әскери бөлімнің тиісті командирінің шешімі бойынша әскери бөлімнің ішінде де, басқа бөлімге ауыстырылуына байланысты да басқа лауазымға ауыстырылады, бұл туралы үкімді шығарған сотқа хабарланады.

142-бап. Сотталған әскери қызметшімен тәрбие жұмысы

Сотталған әскери қызметшімен әскери бөлімнің командирі жасаған қылмысының сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, сотталған әскери қызметшінің жеке басын, сондай-ақ оның мінезд-құлқы мен әскери қызметке көзқарасын ескере отырып тәрбие жұмысын жүргізеді.

143-бап. Әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаны атқарудың тоқтатылуы

Соттың үкімімен және әскери бөлім бойынша жарияланған бұйрықпен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей әскери бөлімнің командирі әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаның атқарылуын тоқтату туралы оның тоқтатылатын күні көрсетілген бұйрық шығарады. Бұйрықтың көшірмесі үкімді шығарған сотқа жіберіледі.

144-бап. Әскери қызметтен босатылатын сотталған әскери қызметшінің әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазадан босату немесе оны ауыстыру

Соттың үкімімен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін сотталған әскери қызметші Қазақстан Республикасының зандарында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда әскери бөлім командирі сотқа жазаның өтелмей қалған бөлігін жазаның неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстыру туралы не жазадан босату туралы ұсыныс жолдайды.

19-тaraу. СОТТАЛҒАН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ГАУПТВАХТАДА ҰСТАУДЫ А Т Қ А Р У

Ескерту. 19-тaraудың тақырыбына өзгерту енгізілді - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашкы реесми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

145-бап. Әскери қызметшілердің гауптвахтада ұстауды өтегу орындары

Ескерту. Такырыпка өзгерту енгізілді - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Гауптвахтада ұстaugа сотталған әскери қызметшілер жазаны гауптвахтада өтейді. Офицерлер, сержанттық, старшиналық және қатардағы құрамдардың әскери қызметшілері өзге негіздер бойынша гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілерден бөлек және жеке ұсталады.

Ескерту. 145-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2007.05.22 N 255, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

146-бап. Сотталғандарды гауптвахтага жіберу тәртібі

Гауптвахтада ұстaugа сотталған әскери қызметшілер жазаны өтеу үшін үкімді атқару туралы соттың өкімі алынғаннан кейін әскери жарғыларда белгіленген тәртіппен үш күн мерзімде гауптвахтага жіберілуге тиіс. Ескерту. 146-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

147-бап. Сотталғандарды гауптвахтада ұстaug тәртібі мен шарттары

1. Гауптвахтада ұстaugа сотталғандар құлыпталатын жалпы камераларда қатаң оқшаулау жағдайында жазасын өтейді. Еректер мен әйелдер бөлек орналастырылады. Гауптвахтада ұстaug түріндегі жазаны орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі әскери жарғыларда айқындалады. Гауптвахтада ұстaugа сотталғандардың айдауылсыз жүргүне тыным салынады.

2. Гауптвахтада ұстaug түріндегі жазага сотталғандарға: ездерінің жеке шоттарындағы қаражатын ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмысауга; бірінші кезекте қажетті заттар мен маусымдық киім-кешек салынған посылкалар, сәлемдемелер, баңде ролъдер алуға ; ад в о к а т т а р м е н к е з д е с у г е ;

ұзақтығы кемінде бір жарым сағат болатын күнделікті серуен жасауга рұқсат етіледі. Сотталғандарды әскери оқыту әскери қызметші жауынгерлік қызметін өткеріп жүрген уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейтін арнайы бағдарлама бойынша ұйымдастырылып, журғізіледі. Сабактарды өткізу үшін қажетті оқу-материалдық база жасалады.

3. Ерекше жеке мән-жайлар кезінде гауптвахтада ұстaugа сотталғандарға жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат етілуі мүмкін. Ескерту. 147-бап жана редакцияда - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

148-бап. Сотталғандарға қолданылатын көтермелеу және жазалау шаралары

1. Сотталғандарға үлгілі мінез-құлқы үшін алғыс немесе бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алу түрінде көтермелеу шаралары қолданылады.

2. Жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін сотталушыға сөгіс немесе он тәулікке дейінгі мерзімге жалғыз адамдық камераға көшіру түріндегі жаза қолданылуы мүмкін.

3. Көтермелеу және жазалау шараларын қолдану құқығын гарнizonның бастығы пайдаланады.

Ескерту. 148-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.22. N 255 Заңымен.

149-бап. Сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері

1. Гауптвахтада ұстaug түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беруге арналған еңбек сінірген жылдарына есептелмейді.

2. Жазаны өтеу уақытында сотталушыны кезекті әскери атақ беруге, жоғары қызметке тагайындауга, жана қызмет орнына ауыстыруға және әскери қызметтен босатуға ұсынуға болмайды, бұған денсаулығы бойынша қызметке жарамсыз деп танылған жағдайлар қосылмайды.

3. Гауптвахтада ұстaugа сотталған әскери қызметшілерге жазасын өтеу уақытында ақшалай үлес төлең бейді.

Ескерту. 149-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-тарау. ТӘРТІПТІК ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕ ҰСТАУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ АТҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

150-164-баптар.

Ескерту. 20-тарау алып тасталды - КР-ның 2009.07.10. N 177-IV Заңымен.

6 БӨЛІМ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

21-тарау. ӨЛІМ ЖАЗАСЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУДЫҢ ТӘРТІВІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

165-бап. Жалпы ережелер

1. Өлім жазасына сотталған адамды ұстаудың жағдайы оны күштейтілген күзетпен және жалғыз адамдық камерада оқшаулаумен қамтамасыз етілуге тиіс.
2. Сотталушы кешірім жасау туралы өтініш берген жағдайда үкімнің орындалуы Қазақстан Республикасының Президенті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.
3. Сотталушы кешірім жасау туралы өтініш беруден бас тартқан жағдайда тергеушілік оқшаулау орнының әкімшілігі прокурордың қатысуымен тиісті акт жасайды. <*>
4. Сот үкімнің заңды қүшіне енуи, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының қадагалау тәртібімен соттың үкіміне қарсылық жасау үшін негіздердің жоқтығы туралы және істі қадагалау тәртібімен қараша үшін негіздердің жоқтығы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының қорытындылары, сондай-ақ кешірім жасау туралы өтініштің қабылданбаған туралы хабарлама немесе сотталушының кешірім жасау туралы өтініш беруден бас тартқаны туралы акт өлім жазасы түріндегі жазаны орындау үшін негіз ғана болып табылады.
5. Өлім жазасы туралы үкім ол қүшіне енген кезден бастап ерте деңгендегі бір жыл өткеннен кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің қүші жойылғаннан соң ерте деңгендегі бір жыл өткеннен кейін орындалады.

Ескерту. 165-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.12.21. N 363, 2004.03.10. N 529 Зандарымен.

166-бап. Өлім жазасына сотталған адамның құқықтық жағдайы

1. Үкім заңды қүшіне енгеннен кейін сотталушының заңда белгіленген тәртіппен кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар. Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген жағдайда, сотталғанның мораторий енгізілгенге дейін не ол қолданылған уақытта өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, мораторийдің қүші жойылғаннан кейін де бір жыл ішінде кешірім жасау туралы өтінішпен жүргінуге құқығы бар.
2. Ол:

заңда көзделген тәртіппен қажетті азаматтық-құқықтық және неке-отбасылық қатынастарды ресімдеуге; заң көмегін алуға және олардың құпиялышының қамтамасыз ететін жағдайларда, ұзактығы мен санына шек қойылмай адвокатпен кездесуге;

қажетті медициналық көмек алуға; хаттарды шек қойылмай алуға және жіберуге; зайыбымен, жақын туыстарымен ай сайын бір қысқа мерзімді кездесуге; дін қызметшісімен кездесуге;

күн сайын ұзактығы отыз минут болатын сейілдеуді пайдалануға; тاماқ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті нәрселерді сатып алуға катаң режимдегі түзеу колониясында ұсталатын сотталғандар үшін көзделген мөлшерде ақша жұмсауға құқылы.

3. Өздері жөніндегі сот үкімі заңды қүшіне енген, бірақ кешірім жасау мәселеі шешілмеген не кешірім жасау туралы өтініші қанағаттандырылған өлім жазасына сотталғандар жазасын одан әрі өтеу үшін түзеу мекемесіне жіберілгенге дейін осы Кодекстің 123-бабында көзделген жағдайларда ұсталады.

4. Өздері жөніндегі кешірім жасау туралы өтініш қабылданбаған өлім жазасына сотталғандар үкімді орындау үшін тиісті мекемелерге жіберілгенге дейін осы Кодекстің 127-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар да ұсталады.

Ескерту. 166-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2001.03.16 N 163, 2004.03.10 N 529, 2009.12.11 N 230-IV (2010 жылғы 1 кантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

167-бап. Өлім жазасын орындау тәртібі

1. Өлім жазасы жария етпей ату жолымен орындалады. Бірнеше адамға қатысты өлім жазасын орындау әрбіреуіне қатысты жеке және өзгелері жоқта орындалады.
2. Өлім жазасын орындау кезінде прокурор, өлім жазасы атқарылатын мекеменің өкілі және дәрігер б о л а д ы .
3. Сотталушының өлгенін дәрігер куәландырады. Сот үкімнің орындалған туралы хаттама жасалады, оған осы баптың 2-тармағында аталған адамдар қол қояды.
4. Жазаны атқарған органның әкімшілігі үкім шыгарған сотка, сондай-ақ сотталған адамның зайыбына немесе жақын туыстарының біріне өлім жазасының атқарылғаны туралы хабарлауға міндетті. Өліктің

жерленген жері туралы туыстарына жерленген кезден екі жыл өткен соң хабарланады. 5. Азаматтық хал актілерін жазу органына әкімшілік белгілеген үлгіде хабарлама жібереді және туыстарына олардың өлі туралы куәлікті қайdan алуына болатын орынды хабарлайды. Ескерту. 167-бапка өзгерту енгізілді - КР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз)

З а н ы м е н .

7 БӨЛІМ. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ. ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН БОСАТАЛҒАН СОТТАЛҒАНДАРҒА КӨМЕК ЖӘНЕ ОЛАРҒА БАҚЫЛАУ ЖАСАУ 22-тарау. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ

168-бап. Жазаны өтеуден босатудың негіздері

Жазаны өтеуден босатудың негіздері мыналар болып табылады:
сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеу;
іс бойынша актау үкімі шығарылған немесе іс жүргізуін қыскартылуына байланысты сот үкімі күшінің жоғылуды;
жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату;
жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру;
кешірім жасау немесе рақымшылық жасау;
денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеде көзделген, сottalған адамның мүгедектігі немесе сырқаты;
зандада көзделген өзге де негіздер.

Ескерту. 168-бапка өзгеріс енгізілді - КР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

169-бап. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатуға ұсыну тәртібі

1. Алынып тасталды - КР 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

1-1. Сотталған зандада белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде жазаны орындайтын орган бес күн мерзімде жазбаша түрде сотталғанға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы мәселені қарастыру немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазалаудың неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру үшін сотка өтініш беру күкірткышының туындағаны туралы хабарлауға міндетті.

2. Кешірім жасауга ұсынылатын сотталушы жөнінде жазаны атқарушы мекеме немесе орган Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тиісті өтініш енгізеді.

3. Сотталғаның жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру туралы және кешірім жасау туралы өтінішіне жазаны орындайтын орган оның жазасын өтеу кезіндегі жеке басын, мінез-құлқын, еңбек пен окуга қатынасын сипаттайтын деректерді коса береді.

4. Рақымшылық жасауды қолдану тәртібін рақымшылық жасау туралы актін шығарушы орган белгілейді.

5. Жүйке бұзылуы салдарынан жазаны өтеуден босату туралы ұсынысты сотка жазаны атқарушы мекеменің немесе органның бастығы енгізеді. Ұсыныспен бірге медициналық комиссияның қорытындысы және сотталушының жеке ісі жолданады.

6. Ауыр сырқатқа байланысты жазаны өтеуден босату туралы ұсынысты сотка жазаны атқарушы мекеменің немесе органның бастығы енгізеді. Ұсыныспен бірге сотка медициналық немесе медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысы мен сотталушының жеке ісі жолданады. Ұсыныста сотталушының жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын сипаттайтын деректер болуға тиіс.

7. Қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазага сотталған адамдар I және II топтағы мүгедек деп танылған жағдайда жазаны атқарушы мекеменің немесе орган оны жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсыныс енгізеді.

8. Қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазага сотталған әйелдердің жүктілігі анықталған жағдайда жазаны атқарушы мекеменің немесе органның бастығы сотка жүктілігі мен тузы бойынша демалыс берген күннен бастап оның жазасын өтеуін кейінгеге қалдыру туралы ұсыныс енгізеді.

9. Сотталған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру туралы өтініш бергеннен кейін он күннің ішінде, жазаны орындайтын орган оның баптың үшінші бөлігінде атальған материалдарды және сотталғаның жеке ісін қоса бере отырып, оны сотка жіберуге, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында зандардың

колданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды жазбаша нысандада хабардар етуге міндettі.

10 .

А Л Ы П Т А С Т А Л Д Ы

11. Сот шартты-мерзімінен бұрын босатудан, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағырақ түрімен ауыстырудан бас тартқан жағдайда, осы негіздердің кез келгені бойынша қайта өтініш енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап алты айдан ерте орын алмауы керек.

12. Шартты-мерзімінен бұрын босатылғандар, сондай-ақ бас бостандығын шектеу түріндегі жазага сottалғандар, егер олар занда көзделген жағдайларда түзеу мекемелеріне жіберілген болса, жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жұмсағына ауыстыруды шартты-мерзімінен бұрын босатудан бас тарту туралы сот шешімі шығарылған күннен бастап ерте дегенде бір жыл өткен соң қайта ұсынуға болады.

Ескерту. 169-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2000.05.05 N 47, 2007.03.26 N 240 (колданыска енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

170-бап. Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottалғандарды шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсынуудың ерекшеліктері

1. Өмір бойы бас бостандығынан айырудан шартты-мерзімінен босату сottалушының алдыңғы үш жылдың ішінде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушылығы болмаған жағдайдаған к о л д а н ы л а д ы .

2. Өмір бойы бас бостандығынан өтеу кезеңінде жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған сottалғандар шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсынылмайды.

3. Сот сottалушыны шартты-мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан жағдайда сот бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап ерте дегенде үш жыл өткен соң қайталап ұсыныс енгізу орын алуы мүмкін.

171-бап. Жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ереккеттер жөнінде жазаның атқарылу мерзімін кейінге қалдыру

1. Түзеу колониясында жазасын өтеуші жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ереккеттерге сот тиісінше бес жылға дейінгі, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан аспайтын мерзімге жазаның атқарылуын кейінге қалдыруы мүмкін.

2. Жазаның атқарылуын кейінге қалдыру жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан артық мерзімге сottалған адамдарға қолданылмайды.

3. Түзеу колониясының әкімшілігі сотқа сottалған адамға жазаны қолдануды кейінге қалдыру туралы ұсыныс немесе оның тиісті өтінішін жолдайды. Оған қылмыстық-атқару инспекциясы жасаған сottалған адамның мінездемесі, сottалған адамды және баланы қабылдауға, оларға тұргын үй беруге және тұруы үшін қажетті жағдайлар жасауга келіскең туыскандарының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісі, жүктілігі туралы медициналық корытынды не баласының бар екендігі туралы анықтама, сондай-ақ сottалған адамның жеке ісі коса тіркеледі.

4. Түзеу колониясының әкімшілігі сottалған адам жөнінде жазаның атқарылуын кейінге қалдыру туралы сот қаулысын алған соң оны босатады. Сottалған адамнан өзінің тұратын жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясына барып жеткен күннен бастап үш күн мерзімде баруы туралы қолхат а л ы н а д ы .

5. Сottалған адам тұратын жеріне мемлекет есебінен өзі барады.

6. Босатылған күнінде сottалған адамның тұратын жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясына босатылған күні көрсетіліп, жазаның атқарылу мерзімін кейінге қалдыру туралы сот ұйғарымының көшірмесі жіберіледі.

7. Қылмыстық-атқару инспекциясы сottалған адам келген соң үш тәулік ішінде оны есепке алуға, босатылған орны бойынша түзеу колониясынан жеке ісін сұратуға міндettі және бұдан әрі оның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 171-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2000.05.05 N 47, 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі) Зандарымен.

172-бап. Жазасын атқаруды кейінге қалдыру ережелерін сактамаудың салдары

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - КР 2009.12.10 N 228-IV (колданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараныз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң колданыска енгізіледі)

З а н д а р ы м е н .

- Сотталған адам, осы Кодекстің 171-бабында көрсетілгеніндей, босаған күнінен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясы белгіленген тәртіппен іздеу жариялады.
- Қоғамдық тәртіпті бұзуга жол берген, өзіне жазаны атқаруды кейінге қалдыру қолданылған сотталған адам, егер өзі жөнінде мерзімін кейінге қалдыру кезеңінде әкімшілік жазалары не тәртіптілік немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылған болса, не егер бұл адам баланы тәрбиелеуден немесе оны күтіп-бағудан жалтарса, қылмыстық атқару инспекциясы жазбаша ескерту жасайды.
- Егер сотталған адам баласынан бас тартса, не жасырынса немесе баланы тәрбиелеуден, немесе қылмыстық-атқару инспекциясы шығарған екі мәрте жазбаша ескертуден кейін қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырса, инспекция сотқа оның тұрғылықты жері бойынша жазаны атқаруды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталған адамды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жағдайда не жүктілік үзілген ретте қылмыстық-атқару инспекциясы сотталған адамның тұратын жері бойынша оның мінезд-құлқын ескере отырып, сотталған адамды жазасының қалған бөлігін өтеуден босату туралы не жазаның өтелмеген бөлігін негұрлым жұмсағымен ауыстыру туралы, не оны түзеу мекемесіне жіберу

т у р а л ы

с о т қ а

ұ с ы ն ы с

ж о л д а й д ы .

Ескерту. 172-бапка өзгерту енгізілді - КР 2002.12.21 N 363, 2009.12.10 N 228-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

173-бап. Жазаны өтеудің тоқтатылуы және босату тәртібі

- Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеу, гауптвахтада ұстау, бас бостандығынан айыру, сондай-ақ әскери қызмет бойынша шектеу түріндегі жазаны өтеу заңға сәйкес жазаның мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жаза мерзімінің соңғы күнінде тоқтатылады.
- Гауптвахтада ұстауға және бас бостандығынан айыруға сотталғандар жаза мерзімінің соңғы күнінде бірінші жартысында босатылады. Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні бітеп болса, сотталушы жазаны өтеуден демалыс алдындағы немесе мереке алдындағы күні босатылады. Жазаның мерзімі айлармен есептелген жағдайда ол соңғы айдың тиісті күнінде, ал егер бұл айда тиісті күн болмаса - сол

а и д ы н

с о н ғ ы

к ү н і м е н

б и т е д і .

- Сотталушыға босатылған кезде оған тиесілі заттары мен құндылықтары, оның жеке шотында сақтаулы ақшасы мен жеке құжаттары, сондай-ақ жазасын өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы

қ ұ ж а т

б е р і л е д і .

- Гауптвахтада ұстауға немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылатын сотталушы адамның жеке ісінде сақтаулы тұрган төлқұжаты немесе жеке басының куәлігі, еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі, сондай-ақ өзге де жеке құжаттары оған босатылған кезде қолына беріледі. Сотталушының жеке ісінде төлқұжаты, жеке басының куәлігі, еңбек кітапшасы мен зейнеткерлік куәлігі болмаған жағдайда жазаны атқаруыш мекеменің әкімшілігі олардың алынуына алдын-ала шаралар

қ о л д а н а д ы .

- Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату тиісті құжаттар түсken күні, ал егер құжаттар жұмыс күні аяқталған соң алынса - келесі күні таңертен жүргізіледі.

- Қылмыстық-атқару инспекциясы түзеу жұмыстары түріндегі жазаның аяқталған күнінде, ал бұл жазадан басқа негіздер бойынша босатылған жағдайда тиісті құжаттарды алған соң келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сотталушы жазасын өтеп жатқан кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігіне оның жалақысынан ұсталып қалатындарды тоқтатуды ұсынуға міндетті. Сотталушыға жазасын өтегені

т у р а л ы

қ ұ ж а т

б е р і л е д і .

- Ақтау негіздері бойынша қылмыстық істің қысқартылуына, ақтау үкімінің шығарылуына байланысты үкімнің күші жойылуы себепті жазаны өтеуден босатылған адамға жазаны атқаруыш органның бастығы оның мүлік, еңбек, тұрғын үй және айрылған өзге де құқықтарын қалпына келтіру құқығын түсіндіреді. Босату туралы құжатта сотталушыға мемлекет атынан реңми кешірім сұратылады.

Ескерту. 173-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2009.07.10 N 177-IV, 2009.12.10 N 228-IV (қолданыска енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Зандарымен.

174-бап. Сотталған әскери қызметшілерді жазасын өтеуден босату

1. Эскери қызмет бойынша шектеуді, гауптвахтада ұстауды өтеуші сотталған эскери қызметшілер жазаны одан әрі өтеуден оларды әскери қызметке жарамсыз ететін ауру болған жағдайда босатылады. Жазаның етелмеген бөлігі оларға жазаның неғұрлым жұмысағырақ түрімен ауыстырылуы мүмкін.
2. Әскери қызметтен өту кезінде жазаны өтеуші сотталған эскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әскери қызметтен босату үшін өзге де негіздер туындаған жағдайда жазадан сот жазаның әтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмысақ түрімен ауыстырып немесе онсыз белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Ескерту. 174-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 177-IV, 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

175-бап. Жазасын өтеген адамдардың құқықтық жағдайы

Жазасын өтеген адамдар соттылығы бар адамдар үшін көзделген шектеулермен Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген міндеттерді орында, құқықтарды пайдаланады. Мұндай шектеулер тек заңдағанда көзделуі мүмкін.

23-тарау. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТЫЛАТЫН СОТТАЛҒАНДАРҒА КӨМЕК ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ

Ескерту. Такырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

176-бап. Жазаны атқарушы мекемелер әкімшілігінің босатылатын сотталғандарды еңбекке және тұрмыста орналастыру жөніндегі міндеттер

1. Жазаны атқарушы мекеменің әкімшілігі бас бостандығынан айыру мерзімі біткенге дейін алты айдан кешіктірмей, сотталушы таңда алған тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына оның алдағы уақытта босатылатыны, оның тұрғын үйінің бар-жоқтығы, оның еңбек қабілеті мен алған мағаиды

тұралы хабарлайды.

2. Сотталушыны босатуға әзірлеу мақсатында онымен жіті тәрбие жұмысы жүргізіледі, оған құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

3. I және II топтағы мүгедектерді, сондай-ақ 60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдерді олардың өтініші мен жазаны атқарушы мекеменің ұсынуы бойынша әлеуметтік қорғау органдары мүгедектер мен қарттар үйіне жібереді.

Ескерту. 176-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.10 N 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. караныз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

177-бап. Жазаны өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек көрсету

1. Гауптвахтада ұстай немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды өтеуден босатылатын адамдар тұратын жерлеріне немесе жұмысына дейін тегін жолакымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жолда жүргенде азық-тұлікпен немесе ақшамен камтамасыз етіледі.

2. Қажетті маусымдық киімі, аяқиімі мен оларды сатып алуға қарожаты болмаған жағдайда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдар мемлекеттік қарожат есебінен киіммен және аяқиіммен қамтамасыз етіледі. Оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде бір жолғы ақшалай жәрдемақы берілуі мүмкін.

3. Жазадан босатылатын адамдарды тамақпен, киіммен, аяқиіммен қамтамасыз етуді, бір жолғы ақшалай жәрдемақы беруді, сондай-ақ жолына акы төлеуді жазаны атқарушы мекеме жүзеге асырады.

4. I және II топтағы мүгедектерді, жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерді, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босату кезінде жазаны атқарушы мекеменің әкімшілігі олардың туыстарын не өзге адамдарды алдын ала

хабардар етеді.

5. Түзеу мекемелерінен босатылатын, денсаулық жағдайы бойынша ұдайы күтімге мұқтаж адамдар, сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар тұратын жеріне туыстарына немесе алып кетуге келген өзге адамға не түзеу мекемесі қызметкеріне ертіп жіберіледі.

Ескерту. 177-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан караныз), 2011.01.18 № 393-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

178-бап. Жазасын өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, әлеуметтік көмектің басқа тұрлерін көрсетуде жәрдемдесу

Аудан (облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі жазасын өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа тұрлар ін көрсетуде жәрдемдеседі.

Ескерту. 178-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

178-1-бап. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүріс-тұрысын бақылау

1. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүріс-тұрысын бақылауды босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен - ішкі істер органдары, ал әскери қызметшілерге қатысты Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігі айқындайтын тәртіппен әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиесі (бұдан әрі - уәкілетті органдар) жүзеге асырады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрлерін айқындайтын электрондық байқау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібін және ішкі істер органдарының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген органдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды жазасының өтелмеген қалған бөлігі ішінде жеке есепке алушы жүзеге асырады, оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды.

3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам бақылаудан жалтарған жағдайда уәкілетті орган оның тұратын жерін және жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

4. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның осы Кодекстің 178-2-бабында көрсетілген міндеттердің бірін дәлелді себепсіз екі реттөн артық орындаумен оның міндеттерді орындаудан қасақана жалтару болып табады.

5. Егер, шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам жазасының өтелмеген қалған бөлігі ішінде бірнеше мәрте әкімшілік құқық бұзушылық не сол үшін оған әкімшілік қамау қолданылған құқық бұзушылық жасаса немесе міндеттерді орындаудан қасақана жалтарса, уәкілетті орган сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазасының өтелмеген қалған бөлігін атқару туралы ұсыным енгізеді.

Ескерту. 178-1-баппен толықтырылды - КР 2007.03.26. N 240 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан караңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - КР 2011.01.18 № 393-IV (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

178-2-бап. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың міндеттері

1. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар:
- 1) тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өтүге;
- 2) ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрғылықты жерінен кетпеуге;
- 3) ішкі істер органдарын жазбаша хабардар етпей тұрғылықты жерін, жұмыс және оку орнын аудыстырамауға;
- 4) жұмыстан және окудан бос уақытта ішкі істер органдары белгілеген жерлерге бармауға;
- 5) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;
- 6) жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірген залалды немесе мемлекетке келтірген материалдық залалды өтеуден жөнінде шаралар қолдануға;
- 7) ішкі істер органдарының талабы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыруға қажетті түсініктер мен өзге де құжаттарды беруге;
- 8) ішкі істер органдарына шақырту бойынша келуге міндетті. Дәлелді себептерсіз келмеген кезде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам күштеп әкелінуі мүмкін;
- 9) Қазақстан Республикасының салық заннамасында белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыстары және салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағындағы да, оның шегінен тыс жерлердегі де мүлкі туралы декларацияны табыс етуге міндетті. Көрсетілген декларация жазасың қалған өтелмеген бөлігі өткенге дейін табыс етіледі. Бұл ретте, көрсетілген адамдар ішкі істер органына мемлекеттік кіріс органының декларацияны алғаны туралы анықтамасын ұсынады.

2. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға сот оның түзелуіне септігін тигізетін басқа да міндеттерді орындауды:
- 1) алкогизмге салынудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан емделу курсынан өтуді;
 - 2) жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді;
 - 3) отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады.
3. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған әскери қызметшілердің міндеттері Қазақстан Республикасының әскери қызмет туралы заңдарымен белгіленеді.
- Ескерту. 178-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2014 N 257-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-баптың 12) тармақшасынан қараңыз) Заңдарымен.

179-бап. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін, сондай-ақ экстремизмнің белгілері бар қылмыстары үшін, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін жазаларын өтеуші немесе қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сottалған адамдарға, егер олардың жазасын өтеу кезіндегі мінезд-құлқы өздерінің түзелу жолына қасақана түскісі келмейтіндігін және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігін дәлелдесе, әкімшілік қадағалау тағайындалады.

Ескерту. 179-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 67 (Заңың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

180-бап. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауын белгілеу қажет адамдар жөніндегі материалдарды әзірлеу және реcімдеу

1. Түзеу мекемесінің әкімшілігі жазалау мерзімі аяқталуына дейін бір айдан кешіктірмей ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауын тағайындау қажет адамдарды анықтайды.
2. Түзеу мекемесінің бастығы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын осы Кодекстің 179-бабында аталған адамдар жөнінде әкімшілік қадағалау тағайындау туралы сотқа ұсыныс жолдайды.
3. Бас бостандығынан айыру орындарынан босату алдында әкімшілік қадағалау тағайындалған адамдар жөнінде түзеу мекемесінің әкімшілігі қадағалауға алынушының өзі таңдаған тұратын жері бойынша ішкі істер органына сottалушының барып жететін уакытын көрсете отырып, әкімшілік қадағалау тағайындау туралы судьяның қаулысын жібереді.

180-1-бап. Туберкулездің төнірегіндеғілерге қауіп туғызатын, жүқпалы түрімен ауыратын адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босату

1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылатын, туберкулездің төнірегіндеғілерге қауіп туғызатын, жүқпалы түрімен ауыратын, еркіті емделуден жазбаша түрде бас тартқан адамдар босатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп емделуге жатады.
2. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты жаза мерзімі аяқталардан кемінде бір ай бұрын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәжбүрлеп емдеуді тағайындау туралы мекеменің орналасқан жері бойынша сотқа ұсыныс жібереді.
3. Туберкулездің жүқпалы түрімен ауыратын, сот шешімімен мәжбүрлеп емдеу белгіленген адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босату туралы хабарлама туберкулезді емдейтін мамандандырылған емдеу-профилактикалық ұйымына және мекеменің орналасқан жері бойынша ішкі істер орғандарына жіберіледі.

Ескерту. 180-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.03.26 N 240 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.11.09 N 490-IV (алғашқы реcіми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8 БӨЛІМ. ШАРТТЫ СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

24-тарау. ШАРТТЫ СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ЖҮРІС-ТҰРЫСЫНА БАҚЫЛАУДЫ ЖУЗЕГЕ АСЫРУ

181-бап. Шартты турде сottалған әскери қызметшілердің жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыру тәртібі

1. Сынақ мерзімі ішінде шартты турде сottалған әскери қызметшілердің жүріс-тұрысына бақылауды олардың әскери бөлімдерінің командованиесі жүзеге асырады.
2. Шартты турде сottалғандар әскери бөлімдердің командованиесінен өзінің жүріс-тұрысы туралы есеп беруге, сот жүктеген міндеттерді орындауға, айна екі рет тіркелу үшін келуге міндетті. Дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда шартты түрде сottалған адам мәжбүрлеп келтірілуі мүмкін.

Ескерту. 181-бап жана редакцияда - КР 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

182-бап. Шартты турде сottalғan адамдардың жүріс-тұрысын пробациялық бақылауды жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі

1. Пробациялық бақылау – бұл сынақ мерзімі кезеңінде әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсете отырып, шартты тұрде сottalғандарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің жұмысы.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі пробациялық бақылауда тұрған шартты тұрде сottalған адамды есепке койған кезде:

1) сottalған адамның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, жеке басын зерделейді, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тарту тәртібін түсіндіреді. Қылмыстық атқару инспекциясының пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілді орган айқындастырып тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Шартты тұрде сottalған адамның жеке басын және тіршілік жағдайын зерделеу нәтижесі бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды.

4. Білім алуға, мамандық менгеруге, жұмысқа орналасуға, сондай-ақ құқықтық көмекпен қамтамасыз етуге жәрдем беру шартты тұрде сottalған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің негізгі бағыттары болып табылады.

5. Жеке әзірленген бағдарламаға сәйкес шартты тұрде сottalған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес және өзге де үйымдар жәрдем береді.

6. Шартты тұрде сottalған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Укіметі айқындаиды.

7. Шартты тұрде сottalған адамға қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысуз құқығынан айыру тагайындалған жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясы осы Кодекстің 24-29-баптарында көзделген іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

8. Шартты тұрде сottalған адамдар қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің алдында өзінің жүріс-тұрысы туралы есеп беруге, сот жүктеген міндеттерді орындауга, тіркелу үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне айна екі рет, ал күштейтілген пробациялық бақылау кезінде төрт рет, сондай-ақ шақыру бойынша келуге міндетті. Дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда шартты тұрде сottalған адам мәжбүрлеп келтірілуі мүмкін.

9. Тиісті пробациялық бақылауды қамтамасыз ету және сottalған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі Қазақстан Республикасының Укіметі түрлерін айқындастырып электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің пробациялық бақылауды жүзеге асыру кезінде оларды қолдану тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілді орган айқындаиды.

10. Шартты тұрде сottalған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оның орналасқан жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша алғашкы іс-шараларды жүргізеді.

Ескерту. 182-бап жана редакцияда - КР 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

183-бап. Сынақ мерзімінің және пробациялық бақылау мерзімінің есептелуі

1. Сынақ мерзімі және пробациялық бақылау мерзімі сот үкімі занды күшіне енген кезден бастап есептелееді.

2. Сынақ мерзімі біткен соң шартты тұрде сottalған адамның жүріс-тұрысына пробациялық бақылау тоқтатылады және ол қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінен шыгарылады.

3. Сотталған адамды міндетті әскери қызметке шакырған жағдайда жергілікті әскери басқару органына үкімнің көшірмесі, ал қажет болған жағдайларда қызмет өткөретін орны бойынша шартты түрде сотталған адамның жүргіс-тұрысына бақылауды жүзеге асыру үшін талап етілетін өзге де құжаттар жіберіледі. Әскери бөлімнің командованиесі он күн мерзімде қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне шартты түрде сотталған адамды есепке қойғаны, қызмет аяқталған соң – оның әскери бөлімнен кеткені

т у р а л ы

х а б а р л а ү ғ а

м і н д е т т і .

4. Сынақ мерзімінің өтуі соттың шартты түрде сотталған адамды іздестіруді жариялау туралы қаулысы шықкан кезден бастап тоқтатылады және сот шешімі бойынша қайта басталады. Ескерту. 183-бап жаңа редакцияда - КР 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

184-бап. Шартты түрде сотталған адамдардың жауапкершілігі

1. Шартты түрде сотталған адам өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғага қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, электрондық бақылау құралдарын қасақана закымдаған (бұлдірген), дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген, сотталушыға сот жүктеген міндеттерді орындамаған, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі сынақ мерзімін ұзарту және қүшеттілген пробациялық бақылау белгілеу, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа белгілеу туралы сотқа ұсыным енгізеді, сондай-ақ шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда ескерту шығарады.

2. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі жеткілікті негіздер болған жағдайда сотқа сынақ мерзімін ұзарту және бір жылға дейін қүшеттілген пробациялық бақылау белгілеу туралы ұсыным ж і б е р е д і .

3. Шартты түрде сотталған адам осы баптың 1-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды сынақ мерзімі ішінде қайталап жасаған, занда талапқа бағынбаған, сол сияқты шартты түрде сотталған адамның жүргіс-тұрысына бақылауды жүзеге асыратын орган қызметкерлерін қорлаған не оларға қатысты зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасаймын деп қорқытқан жағдайда не егер сотталған адам бақылаудан жасырынса, сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау

т у р а л ы ү с и н ы м ж і б е р і л е д і .

4. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген кезден бастап он бес күннен астам уақыт ішінде орналасқан жері анықталмаған шартты түрде сотталған адам бақылаудан ж а с ы р ы н ғ а н а д а м д е п т а н ы л а д ы .

5. Шартты түрде сотталған адам электрондық бақылау құралдарын закымдаған (бұлдірген) жағдайда қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі тиісті акт жасайды. Электрондық бақылау құралдарын қасақана закымдаған (бұлдірген) жағдайда сотталған адамдар занда белгіленген тәртіппен материалдық жауапқа тартылады.

Ескерту. 184-бап жаңа редакцияда - КР 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан

Р е с п у б л и к а с ы н ы н

Президенті

Қосымша

Сот үкімі бойынша тәркіленуге жатпайтын мүліктер ТІЗБЕСІ

Сотталушы мен оның асурауындағы адамдар үшін қажетті, оған жеке меншік құқығында тиесілі немесе оның ортақ меншіктері үлесі болып табылатын мынадай мүлік түрлері мен нәрселер тәркіленуге жатпайды :

Р Қ А О - н ы н е с к е р т п е с і !

1-тармак 01.01.2018 бастап күшін жойды - КР 05.07.2014 № 234-V Кодексімен.

1. Егер сотталушы мен оның отбасы тұрақты тұрғып жатса, тұрғын үйі, пәтері немесе олардың жекелеген бөліктері.

2. Тәркіленуге жатпайтын үй мен шаруашылық құрылыштары орналасқан жер учаскелері, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге қажетті жер учаскелері.
3. Негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылатын адамдарда - шаруашылық құрылыштары мен саны оның отбасының қажеттерін қанағаттандыруға қажетті үй малы, сондай-ақ малға арналған жемшөп.
4. Кезекті ауыл шаруашылық дақылдарын егуге қажетті тұқым.
5. Үй жабдығы заттары, керек-жараптар, киімдер:
- a) киіліп жүрген киім, аяқкиім, ішкиім, қолданылатын көрпе-төсек, ас үй және асхана заттары. Мех және басқа қымбат киім-кешек, асхана сервizi, қымбат металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік жағынан құнды нәрсeler тәркіленуі мүмкін;
- b) сотталушы мен оның отбасы мүшелері үшін қажеті шамалы жиһаз;
- v) балалардың барлық керек-жараптары.
6. Сотталушы мен оның отбасы мүшелері үшін, егер сотталушының негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болса, жаңа өнімге дейін қажетті мөлшердегі азық-түлік, ал қалған жағдайларда - азық-түлік өнімдері мен жалпы сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшердегі ақша.
7. Ас дайындауга және отбасының тұргын-жайын жылдытуға арналған отын.
8. Сотталушының көсіптік ісін жалғастыруға қажетті мүкаммал (оның ішінде окулықтар мен кітаптар), бұған сотталушы тиісті қызметпен айналысу құқығынан айырылған немесе мүкаммал оның қылмыс жасауы үшін пайдаланылған жағдайлар қосылмайды.
9. Мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдары.
10. Сотталушы марапатталған халықаралық, мемлекеттік және өзге де сыйлықтар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК